

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ҮДЕРБАЙ СӘКЕН СЕМБЕКҰЛЫ

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалауды
жетілдіру: теория және практиканың проблемалары

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасының бағыты бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін
алуға диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институтының директоры С.М. Сапаралиева,
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2022 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Осы диссертациялық зерттеуде атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың тарихын зерттеуден бастап, қадағалауды жүзеге асыруда туындайтын проблемаларды анықтау үшін талдау жұмыстары жүргізілді. Ғылыми талдау шеңберінде атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалауды жүзеге асыруда туындайтын проблемаларды шешу үшін заңнаманы жетілдіру мақсатында және жұмысты оңтайландыру үшін бірнеше ұсынымдар әзірленді.

РЕЗЮМЕ

В настоящем диссертационном исследовании проведена аналитическая работа по выявлению проблем, возникающих при осуществлении прокурорского надзора за законностью исполнительного производства, начиная с изучения истории. В рамках научного анализа с целью решения проблем, возникающих при осуществлении прокурорского надзора за законностью исполнительного производства, а также совершенствования законодательства и оптимизации работы выработаны несколько рекомендаций.

SUMMARY

In this dissertation research, analytical work has been carried out to identify problems arising in the implementation of prosecutorial supervision of the legality of enforcement proceedings, starting with the study of history. Within the framework of scientific analysis, several recommendations have been developed in order to solve problems arising in the implementation of prosecutorial supervision over the legality of enforcement proceedings, as well as to improve legislation and optimize work.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ.....	5
1. АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫНДА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН РӨЛІ	
1.1 Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың дамуы мен қалыптасу тарихы.....	13
1.2 Шетелдердегі атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың тәжірибесі.....	29
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫНДА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
2.1 Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын прокурорлық қадағалаудың нысанасы, объектілері және шектері.....	41
2.2 Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша прокурордың жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру.....	53
ҚОРЫТЫНДЫ.....	77
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	81
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі.....	91
ҚОСЫМША 2. Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарға салыстырма кесте.....	92

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

РФ – Ресей Федерациясы

ҚазАКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

ФТБ – Федералды Тергеу Бюросы

АІЖОААЖ – Атқарушылық іс жүргізу органдарының
автоматтандырылған ақпараттық жүйесі

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

МСО – Мемлекеттік сот орындаушысы

ЖСО – Жеке сот орындаушысы

т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясының 83-бабына сәйкес, прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады [1].

Осы орайда, 2022 жылы наурызда Қазақстан Республикасының Парламентінің Мәжілісінде «атқарушылық іс жүргізуде тараптардың құқықтарын қорғауды жетілдіру» мәселелері және оларды шешу жолдары қаралған болатын.

Бұл ретте, атқарушылық іс жүргізудегі тараптардың құқықтарының бұзылуына, сот орындаушыларының әрекеттеріне көптеген шағымдарға әкелетін проблемаларға назар аударылды.

Осы отырыста Мәжіліс вице-спикері Б. Кесебаеваның сөзінде, борышкерлер сот шешімдерінің орындалуын кейінге қалдыру мақсатында әдейі шағым түсіреді, бір атқарушылық іс жүргізу бойынша сот орындаушысының іс-әрекетіне ондаған рет шағым жасалған, нәтижесінде орындау бірнеше жылға созылып кеткен мысалдар бар екендігін жеткізген. Сондай-ақ, сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдану бойынша 1072 іс бойынша татуласуға қол жеткізілген, бұл даулардың осы санаты бойынша татуласудың жалпы санының 97%-ын құрайды. Осыған байланысты, сотқа

талап-арыз бергенге дейін осы дауларды сотқа дейінгі реттеуді енгізу қажеттігі туындайды [2].

Сонымен қатар, ҚР әділет министрі Қанат Мусиннің осы отырыстағы баяндамасында сот актілерін орындау жұмыс учаскелеріндегі ең проблемалық мәселе болып табылады, өндіріп алушылар өздеріне берілген сомаларды уақтылы және толық өндіріп алуға әрдайым қол жеткізе алмайды деп айтқан болатын. Оған негізгі себептер – Заңнаманың жетілмегендігі, сондай-ақ борышкерлердің төлем қабілетсіздігі. Мысалы, 2021 жылы сот орындаушыларының өндірісінде 9,3 трлн сомасына 7 млн (6,7) атқарушылық парақ және басқа да құжаттар болған. Толық көлемде өндіріп алу 300 млрд.теңге сомасына 2,3 млн. атқару құжаттары бойынша ғана жүзеге асырылды. Өткен жылы ғана борышкердің табысының немесе мүлкінің болмауымен өндіріп алудың мүмкін еместігіне байланысты өндіріп алушыларға 2,4 трлн.теңгеге 608 мың атқарушылық құжат қайтарылған [2].

Атап өткен жөн, Үкімет сағатының тақырыбы бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасының баяндамасында 2020 жылы жүргізілген прокурорлық тексеру туралы сөз сөйлеп, онда тексерудің қорытындылары жеке деректерді қорғау туралы Заңнама талаптарының көптеген өрескел заң бұзушылықтар көрсетілгендігін айтқан болатын. Бұл ретте, сот орындаушыларының электрондық цифрлық қолтаңбалары мен құпия кілттері бөгде адамдардың қолына түсіп, олардың сот орындаушыларының бірыңғай жүйесіне кедергісіз кіріп, атқарушылық әрекеттер жүргізген [2].

Осы орайда, сот орындаушылары өздерінің функционалдық міндеттерін орындау саласындағы заңдылықты нығайтуда прокуратура органдарының қызметін жетілдіру сұрақтары өзекті болып табылады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда өндіріп алушылар мен өзге де адамдардың прокуратура органдарына атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру процесінде

сот орындаушыларының әрекеттері мен әрекетсіздіктері туралы көптеген өтініштері қаралып отырған саладағы заңдылық режимін қолдауға прокурорлық ықпал етуді күшейту қажеттігін талап етеді.

Бұған қоса, өндіріп алушыға оны өндіруден бас тартуға мәжбүрлеу мақсатында қысым жасалған, өндіріп алушының пайдасына шығарылған шешім бойынша мәжбүрлеп орындауға тиісті шаралар қолданылмаған жағдайларда прокурорлардың уақытылы араласуы талап етіледі.

Осы жоғарыда көрсетілген мәселелер қарастырылып отырған саладағы заңдардың орындалуын қадағалаудың теориялық және құқықтық негіздерін қайта қарастыруды, прокурорлардың жұмысын ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға және сапасын жақсартуға бағытталған жаңа, қазіргі заманғы жағдайларға жауап беретін ғылыми тәсілдерді әзірлеуді талап етеді.

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Сот төрелігін іске асырудың соңғы кезеңі ретінде мәжбүрлеп орындату жұмыстары тиімді және әділ болуға тиіс. Алайда, өндіріп алушылардың пайдасына шығарылған сот актілері уақытылы және толық өндірілуіне мүмкін болмай отыр.

Мәселен, атқарушылық өндірістердің жыл сайын 1 млн. астам құжатқа өсуі байқалады. Тиісінше әр түрлі атқарушылық құжаттардың деңгейіне байланысты сот орындаушыларының жүктемесі мен осы саладағы қадағалауды жүргізуде прокуратура органдарының жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Статистикалық мәліметтер сәйкес, Республика бойынша 2019 жылы – 2070, 2020 жылы – 2793, 2021 жылы – 2444 сот орындаушылары тәртіптік жауаптылыққа тартылған. Бұл көрсеткіштерден байқағынымыз, соңғы жылдары тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың көбейгенін, 11 жыл ішінде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 397 түзетулер болып, жетілдірседе сот орындаушыларының тарапынан заң бұзушылықтарға жол беру

төмендемей отырғандығын байқауға болады [3]. Берілген мәліметтердің көз қуантарлығы жоқ екендігі сөзсіз. Дегенмен, прокуратура органдары тарапынан қадағалауды жүзеге асыру барысында кездесетін бірқатар проблемалар бар екендігін жоққа шығармаймыз. Оған осы ғылыми зерттеу диссертациясында көрсетілген проблемалардың қарастырылатыны дәлел болып табылады.

Зерттеу мақсаты, міндеттері, объектісі мен тақырыбы. Зерттеу жұмысының мақсаты ғылыми жұмыстарды зерделеп, заңнамалар мен құқық қолдану қызметін талдау негізінде қаралып отырған саладағы прокуратура органдары қызметінің теориялық, құқықтық және әдіснамалық негіздерін зерттеу және прокуратура органдарының жұмысын құқықтық реттеу, жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды:

– атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалаудың шығу тарихын зерттеу;

– атқарушылық іс жүргудегі прокурорлық қадағалаудың шетелдік тәжірибесін зерттеу арқалы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына осы сұрақ бойынша ұсыныстар енгізу;

– атқарушылық іс жүргудегі прокурорлық қадағалаудың объектісін, шегін, міндеттері мен негізгі бағыттарын анықтау;

– прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың негізгі элементтерін бөлуде сот орындаушыларының заңдарды орындауын қадағалау және жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар енгізу;

– қадағалаудың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды тұжырымдау, оның ішінде қадағалау қызметін заңнамалық реттеуді жетілдіру.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының және «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылары мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асыру процесінде туындайтын прокуратура

органдарының қадағалауда және басқа да органдардың сот актілерін мәжбүрлеп орындаумен байланысты құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу тақырыбы болып атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде туындайтын проблемалар және оларды жетілдіру жолдарын құрайды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері. Жалпы ғылыми және салыстырмалы-құқықтық әдістері, сондай-ақ тарихи, логикалық, жүйелі, статистикалық, ресми-қисынды және жеке ғылыми әдістері әдістемелік негіз болды.

Отандық Р.Н. Акпарова, М.С. Нәрікбаев, Э.Б. Мухамеджанов. Е. Егембердиев, М.А. Аленов, Ә.М. Майтанов, Б. Тургараев, М. Сейтқазықызы, М.М. Алиев, Е.С. Кемали, М.А. Мынбаев, С. Ж. Абдрахманова, И.Ж. Бақтыбаев, С.К. Журсимбаев және т.б. ғалымдардың атқарушылық іс жүргізу мен прокурорлық қадағалау жөнінде ғылыми еңбектері бар.

Прокурорлық және құқық қорғау қызметінің жалпы мәселелерін жан-жақты зерттеумен шетелдік практикалық және ғылыми қызметкерлер айналысқан, олар: И.В. Решетникова, В.Г. Бессабаров, О.Е. Кутафин, В.И. Веретенников, Н.В. Григорьева, В.Н. Додонов, В.И. Басков, В.Г. Даев, А.А. Клишин, М.Н. Каплин, Н.В. Ласкина, А.Ф. Кони, Д.Я. Малешин, А.В. Авакян, Е.Н. Кузнецова, С.А. Емельянов, Б.В. Коробейников, В.В. Долежан, В.Б. және т.б.

Сонымен қатар, магистрлік диссертацияны зерттеуде нормативтік құқықтық материалдар, атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалауға арналған зерттеу жұмыстары қарастырылды және оған талдау жасалды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Алғаш рет Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырудың теориялық және қолданбалы проблемалары қаралып, жоғары қадағалауды жүзеге асырудың тиімділігін

арттыру және осы саладағы заңдылықты нығайту саласындағы прокурорлардың үйлестіру өкілеттіктерін іске асыру үшін елеулі практикалық маңызы бар ұсынымдар тұжырымдалды.

Қорғауға шығарылатын ережелер.

1. Сот орындаушыларының жауаптылығын арттыру мақсатында, автормен зерттеу қорытындысы ретінде, сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату туралы ұсыныстар негізделген.

Ол үшін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 144-баптың «Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтату және лицензиясынан айыру» 1-тармағында мынадай 7)-тармақшамен толықтыру ұсынылады:

«7) прокурорлардың сот орындаушысының әрекеттеріне бір жыл ішінде бес реттен артық қадағалау актісі енгізілген жағдайда;».

2. Зерттеумен алимент төлеуге құлықсыз борышкерлердің жауаптылығын арттыру мақсатында, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабын «Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау» мынадай 1-1 бөлігімен толықтыру ұсынылады:

«1-1. Алимент санатындағы сот шешімін орындамау, он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.».

3. Автормен зерттеу қорытындысы ретінде прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексеру нәтижесімен жолданған ұсынуларға уәкілетті органдар тарапынан формальды жауаптарды бермеу мақсатында, ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 27-бабын «Ұсыну» 2-тармағының бірінші абзацын мынадай жазу ұсынылады:

«Ұсынуды лауазымды адам немесе орган – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор

белгілеген мерзімде заңдылықтың онда көрсетілген бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып қарауға және орындауға міндетті».

4. Зерттеумен прокурорлық қадағалауды жетілдіру және сапалы жүргізу мақсатында есептік мерзімде түбіртек жинауды алып тастап, тек уәкілетті органның (ҚР Әділет министрлігі немесе ҚР Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы) жауап хатын растайтын құжат ретінде ақпараттық жүйеге енгізу туралы ұсыныстар негізіледі.

5. Автор Ресей Федерациясының тәжірибесін зерделей келе, сот актілерін орындауда күштік қолдау көрсетіп, соттарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ҚР Әділет министрлігі жанында сот приставы институтын құру ұсынылады.

Сонымен қатар, зерттеумен, сот орындаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйден шығару санатындағы атқарушылық құжаттарды орындауды жүзеге асырмас бұрын, кезекші прокурорды хабардар етіп, сот шешімін орындауға арнайы топ құру (кезекші прокурор, полиция қызметкерлері, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметкерлері, психолог) қажеттілігі ұсынылып отыр.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Магистрлік диссертацияның зерттеу ережелері автормен жарыққа шыққан төмендегі ғылыми мақалаларда көрініст тапқан:

1. ҚР Бас прокуратурасы жанындағы құқық қорғау органдары академиясының, «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында жарияланған «Атқарушылық іс жүргізу заңдылығында прокурорлық қадағалауды жетілдіру» атты мақала (Нұр–Сұлтан қ., 2021 жыл сәуір).

2. «Астана халықаралық университетінің» ғылыми–зерттеу журналында «Жәбірленушілерге өтемақы өндіруді мәжбүрлеп орындату мәселелері» атты мақала (Нұр–Сұлтан қ., 2021 жыл желтоқсан).

3. 1 наурыз 2022 жылғы Нұр-Сұлтан қаласы Есіл ауданы прокурорының «Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалауды жетілдіру: теория және практиканың проблемалары» атты диссертациялық зерттеу бойынша алынған ұсыныстар мен нәтижелері «Есіл» ауданы прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау және соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету бөліміне енгізілгендігі жөнінде актісі.

1. АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫНДА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН РӨЛІ

1.1. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың дамуы мен қалыптасу тарихы

Заңдылық – кез келген құқықтық демократиялық мемлекеттің жұмыс істеуінің маңызды қағидаты. Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуы мен орындалуының негізгі кепілі – прокуратура органдары.

Қазіргі кезде, «прокуратура» барлық мемлекеттерде саяси жүйенің ерекше бір бөлігі ретінде көрініс табады. Бірақ та, «прокуратураның» пайда болуы мен дамуына бірқатар ғасырлар мен жылдар өткендігін байқауға болады.

Латын тілінен аударғанда «прокурор» сөзінің мағынасы «қамқорлық жасаймын», «қамқор боламын» немесе «басқарамын» деген мағынаны білдіреді [4,7 б.].

Ежелгі Римнің өзінде «прокураторлар» әрбір Рим үйінде болған, оларды фермалардағы істерді басқарушы мажордомдарды аға лакейлер деп атаған. Сонымен бірге, императордың әр провинцияда өздерінің прокурорлары (губернаторлары) болды, олар сол кездегі өздеріне бағынышты аумақта істің жай-күйіне, заңның үстемдігіне жеке жауап берді. Алайда, ежелгі Римнің мемлекеттік жүйесінде прокурордың лауазымы ресми болмаған [5,11б.].

Ең алғаш тергеу мен сот істерінің заңдылығын қадағалау органы болып «прокуратура» XIII-XIV ғасырларда Францияда құрылған. Оның шығуына корольдік билік арасындағы сипаристер мен феодалдар себепші болды. Алғашқыда прокуратура жазалаушы орган, яғни мемлекеттік мәжбүрлеу

құралы болды. Франция мемлекетінде прокуратураның пайда болуы Ресей секілді мемлекеттерде олардың құрылуына себепші болды [5,116].

Франция патшасы IV Филипп 1302 жылы 25 наурызда прокуратураны монархтың мүдделерін білдіретін орган ретінде құрды, оның органдарының қалыптасуына және оның қызметіндегі бағыттарды анықтауға әсері өте күшті болды [6,505 б.].

Франция мемлекетінде алдымен прокурорлар тараптардың сенімді өкілдері ретінде әрекет етті және тек азаматтық процеске қатысты. Кейін, прокурорлардың функциялары күшейіп, тіпті сенъориялық және шіркеу соттарының жұмысын бақылауды жүзеге асырды.

В.И. Веретенниковтың пікірінше, «прокурор дәл және толық мағынада «патшаның көзі», оның делдалдығы арқылы патша бүкіл мемлекеттік механизмнің дұрыс жүруін қадағалай алады» [7,27 б.].

Осылайша, Франция мемлекетінде прокуратураның пайда болуы қазіргі кездегі бірқатар мемлекеттер үшін саяси жүйедегі оның рөлі ерекше болып табылады.

Ал көшпелі қазақ даласына келетін болсақ қоғамдық тәртіпті, әдет-ғұрыпты сақтайтын және дауларды шешетін билер болатын болса, ал прокурор ретінде арнайы тұлға болған емес.

Бірақ та, билердің қазақ қоғамындағы рөлі мен қызметі кең ауқымды болды. Билердің функционалы туралы М.С. Нәрікбаев («От наших великих биев до Верховного Суда») атты монографиясында билердің дауларды қарау және шешу мазмұнына қарай бірнешеге жіктеуге болады деп көрсеткен:

– Би – көшбасшы. Билер-көсемдер халық арасында үнемі туылуы тиіс, бұл–туған елінің әл-ауқатының кепілі [8, 6 б.].

– Би – спикер. Оның сөзі гранитті тасты шаңға айналдыра алады; оның тілі – Қос қырлы қылыш [8, 6 б.].

– Би – ақын. Олардың дана сөздерінің қоймасы, әуезділігі мен ырғағы, әуені мен сыңғырлаған дыбыс жазуы, тыңдаушыны тандандыратын пирсингтік интонация ең танымал ақындардың қызғанышын тудырмайды [8, 6 б.].

– Би – заңгер. Халық: «екі би жиналады – төрт даулы мәселе туындайды», – дейді. Өрнекті келесідей түсіну керек: істі дұрыс шешу үшін екі би емес, төрт емес, үш қажет: біреуі - айыптаушы (прокурор), екіншісі - қорғаушы (адвокат), үшіншісі - төреші (судья) [8, 6 б.].

– Би – елші, дипломат. Ол тек өз еліндегі дауларды шешіп қана қоймай, басқа жерлерге барып, жанжалдарды шешуге, жақсы қарым-қатынас орнатуға және сол арқылы өз халқына бейбіт, тыныш өмір сүруге мүмкіндік берді. Олар туралы халық: «дұшпандықты жау әкеледі, бітімді елші әкеледі», – деді. Сонымен қатар: «халық оның елшілері бойынша бағаланады». Осылайша халық өз билерінің дипломатиялық қызметін жоғары бағалады [8, 6 б.].

– Би – батыл батыр. Батыл бидің сөзі алдағы жаудың әскерінен гөрі хандар үшін қауіпті [8, 6 б.].

– Би – саясаткер, қоғам қайраткері. Олар қоғамның түрлі топтары ішінде келісім, өзара түсіністік қатынастарын орнатуда, елде тұрақтылық орнатуға бағытталған іс-шаралардың басты бастамашылары мен кеңесшілері болды, хандар мен сұлтандарға маңызды саяси мәселелерді шешуге көмектесті [8, 6 б.].

– Би – ғалым, ойшыл. Ол халық тарихын, әдет-ғұрпын біледі, халық даналығының сақтаушысы, тірі ақыл философы, энциклопедиялық ғалым. Ол өз халқына өткеннің тәжірибесі шоғырланған және болашақты болжай білетін дана сөздер қалдырды [8, 6 б.].

– Би – психолог. Би бір қарағанда адамды, оның ішкі мәнін, ниетін, мүмкіндіктерін, жан дүниесінің тереңдігіне ену қабілетін танитын терең және нәзік психолог болуы керек. Би адам психикасының күшті және әлсіз жақтарын қолдана білді, сонымен бірге ол мимика, ым-ишара, қастардың қозғалысы, жарқын күлімсіреу арқылы жүректі жаулап алған керемет суретші болды, бірақ

қорқынышты көзімен, қатты үнсіздікпен, қолдың өткір қимылымен ала білді. Билер сөздің адамға әсер ету құпиясын білді, жүректен жүрекке ыстық сөздерді жеткізе білді [8, 6 б.].

– Би – тәрбиеші. Ол өзінің би атағын мақтан тұтатын халықтан алыс емес еді. Ол басқалардың қажеттіліктерін түсінді, мұқтаж адамдарға көмектесуден бас тартпады, әлсіздерді, үмітсіздерді қолдады, жас ұрпаққа қамқорлық жасады, жас, тәжірибесіз адамдарды дұрыс жолға бағыттады, оларды қиындықтардан қорықпауға және өз күшіне сенуге үйретті [8, 6 б.].

Сонымен, би – заңгер деп аталатын, яғни біреуіқазақ даласында билердің айыптаушы (прокурор) ретінде орнығуы прокурорлық қызметтің белгілері бар екендігін байқауға болады.

XVIII-ғасырдың 30 жылдары басталған және XX ғасында аяғында аяқталған Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи процесі қазақ қоғамының өміріне үлкен өзгерістер әкелді.

Автократияның отаршылдық саясатына қарамастан, Қазақстанның Ресейге қосылуы сауаттылықтың таралуына, қазақ ауылын капиталистік өндірістік қатынастардың орбитасына қосуға және т.б. негіз болды. Сонымен қатар, Ресей империясының мемлекеттік басқару органдары, соның ішінде, прокуратура органдары қазақ қоғамына енгізіле бастады. Сондықтан Қазақстанда прокуратура институтының бастауын автократиялық Ресей тарихынан іздеу қажет [9, 15 б.].

Осылайша, Қазақстанда прокуратураның органдарының қалыптасуы мен дамуы және қайта құрылу тарихында бірнеше маңызды кезеңдерді атап өтуге болады.

Ең алғашқы кезең ретінде Ресей мемлекетінің прокуратура органдары мен прокурорлық қадағалауды алғаш рет император I Петрдің кезінде көрініс тапқандығы.

I Петр мемлекетке заңдардың қолданылуын қадағалау институтын енгізіп, қылмыспен күресумен бір уәкілетті органның қажеттілігін ескеріп, 1722 жылы 12 қаңтардағы Жарлығымен прокуратура органын құрған. Осы жылдың 27 сәуіріндегі Жарлығы «Бас прокурор қызметі» деп аталып, прокуратураның мақсаты мен міндеттерін нақтылап, оны «мемлекеттік көзі» деп тұжырымдаған. Осы Жарлыққа байланысты 1722 жылы прокуратура орталықтандырылған, заңдардың орындалуына жоғары қадағалау жүргізетін арнайы мемлекеттік орган болып құрылды. Императордың өзі Бас прокурорды, губерния прокурорларын өмірбақи тағайындауы, олардың жергілікті шенеуніктердің әрекеттерінің заңдылығын қадағалауда тәуелсіз жүзеге асырумен ерекшеленеді [4,7 б.].

Академик О.Е. Кутафиннің пікірінше, «Прокуратура Ресей мемлекетінде ең алдымен, императорлық биліктің өкілді органы ретінде құрылды, оның атынан және оның тапсырмасы бойынша басқарушы сенаттың, басқа да орталық және жергілікті институттардың әрекеттері мен шешімдерін жаппай және тұрақты бақылауды жүзеге асырды» [10,6 б.].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, I Петр кезінде қазіргі заман прокуратурасының прототипі ретінде құрылды деп тұжырымдауға болады. Бұл иерархиясы бар, төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға бағынатын орталықтандырылған орган болды. Прокуратураның негізгі функциясы қадағалауды жүзеге асыру болып табылды.

I Петр өлімінен кейін, прокурорлық қадағалаудың дамытуда белгілі бір прогресс II Екатерина кезеңінде болды. Ол кездері Сенат әр түрлі департаменттерге бөлінді және олардың барлығын Генерал-прокурор қадағалады. Шын мәнінде прокуратура II Екатерина жанында маңызды өкілеттіліктері бар жоғары қадағалау органына айналды. 1775 жылы 7 қарашада II Екатерина «Провинцияларды басқаруға арналған мекемелер» Кодексін

бекітіп, нәтижесінде прокурорлық атақтар мен прокуратура органдарына жүктелген міндеттер ауқымын кеңейтті [11].

Бұл ретте, құқық саласындағы ең ірі маман И.И. Фойницкий: «орыс кезеңіндегі заңдылықтың өсу тарихында провинциялық прокурорлар институты өте маңызды. Ол өзінің жеке қалауы бойынша басқару жүйесінен заңға тәуелді басқару жүйесіне көшу үшін үлкен қызмет атқарды» деп пікір білдірген [7,6 б.].

I Павелдің билігі кезіндеде генерал-прокурор өкілеттіктерінің шамадан тыс кеңеюімен сипатталды, бұл қадағалау функциясының маңыздылығын төмендетуге және прокуратураның бақылау органы ретінде ролін төмендетуге ықпал етті. 1802 жылы 22 қыркүйекте Дөңгелек ордерінде алдын-ала тергеу өндірісін бақылау алғаш бекітілді. Дөңгелек ордердің 5-тармағына сәйкес «прокурорлық қылмыстық істерді жүргізу үшін, бір жағынан кінәсіздікті айыптау үшін кез-келген түрдегі негізсіз жауап алу, адамгершілікке жатпайтын азаптау және қысым көрсету, екінші жағынан қылмыстың жіберілмеуі мен жеңілдеуі болмауы үшін бақылауды жүргізді» [12,30 б.].

I Александр кезінде прокуратура заңдылықты қадағалайтын толыққанды мамандандырылған орган ретінде құрылып, қазіргі прокуратураға бір қадам жақын болды. 1811 жылы 25 шілдедегі «Министрліктерді ортақ құру» туралы манифестпен Әділет министрлігінің құрылымында прокурорлық қызмет окшауланып, прокурорлық шендердің иерархиясы және соттармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі айқындалды [13,50 б.].

1862 жылы Ресей империясының Мемлекеттік Кеңесі Прокуратура туралы негізгі ережелерді қабылдады. Бұл акт прокурорлардың міндеттері мен өкілеттіктерін, сондай-ақ прокурорлық қадағалаудың мақсаты мен мазмұнын анықтады. Прокуратура заңдардың нақты және біркелкі орындалуын бақылайтын орган ретінде болды. Оның лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген функцияларды прокуратураның бүкіл жүйесі атынан жүзеге асырды [14,64 б.].

Атап өткен жөн, сот реформасына дейін сот шешімдерін орындайтын арнайы органдар Ресейде болмаған.

Ресейдегі құқықтық жүйенің құрылымындағы елеулі өзгерістер 1864 жылы қарашада сот реформасының негізгі актілері бекітілгеннен кейін, прокуратураны ұйымдастырудың батыс еуропалық нұсқасы қабылдану нәтижесінен қылмыстық тергеу органына айналды [15, 25 б.].

Осы кезде мемлекеттің құрылымына араласпау мақсатында саясаткерлер, ғалымдар прокуратураның жалпы қадағалауды жүргізбеуіне себепші болды.

Осы орайда, атақты А.Ф. Конидің пікірінше, «сот жарғыларының әкелері прокуратураның бұрынғы кең қадағалау функцияларын жойып, үлкен қателік жіберді. Прокуратура органдарының шетелдік үлгілерін ойланбастан көшіру теориялық тұрғыдан әдемі болып көрінуі мүмкін, бірақ біздің әкімшілік өміріміздің жағдайына және провинциялық жүйенің ішкі қажеттіліктеріне қайшы келді. Жаңа екпелер үшін арамшөптермен жартылай шіріген ағаштармен жабылған жерді тез тазартуға деген құштарлықты жүзеге асыруда орман күзетінде тұрған емен ағашы кесілді» [12, 7 б.].

Сонымен қатар, сот реформаның нәтижесінде сот әкімшіліктер тәуелсіз болып, прокуратура қайта құрылып, сот приставтары институты құрылды. Олардың қызметі сот шешімдерінің нәтижелі орындалуын қамтамасыз етуге және мүмкіндігінше жазаға тартылған адамдардың мүдделерін қорғауға тиіс болды.

Осы орайда, сот шешімін орындайтын тұлғалар институтының пайда болуы осы кезеңдерде көрініс тапқан. Сот приставтары қылмыстық және азаматтық сот ісін жүрізу жарғыларымен басқарушы сенаттың кассациялық департаменттері, сот палаталары және округтік соттар жанынан тұрған. Бұл кезде сот приставтарының заңдылығын қадағалайтын арнайы заң болмаған.

Әрине, прокурордың сот приставы атқарушылық әрекеттер жасаған кезде оған жәрдемдесу мақсатында полиция немесе әскери билікке қатысты

прокурорлық ықпал ету шараларын қолдануға мүмкіндігі болды. Себебі, сот приставтарына бақылауды жүргізу кассациялық департаменттерге және сот палаталарына жүктелген. Тек, прокуратура тарапынан сот бөліміндегі адамдардың кемшіліктер орын алған жағдайда хабарлама ретінде әділет министрліктеріне ұсынған.

Осылайша, жоғарыда аталған кезеңді прокуратура органдарының тарихи қалыптасуы мен бастапқы дамуы деп айтуға болады.

Сонымен, Қазақстанда прокуратура органдарының пайда болуы мен дамуы екінші кезеңі ретінде 1917 жылдан 1989 жылға дейін аралық болып табылады.

1917 жылғы Ресейдегі социалистік революциясының жеңісінен кейін патша автократиясының барлық мемлекеттік органдары жойылды. Оның негізі 1917 жылы 24 қарашада қабылданған №1 «Сот туралы» Декрет болып табылды [9, 16 б.].

Алайда, бес жылдан кейін Ресейде және басқа республикаларда реформалар мен жаппай заңсыздық кезеңінде прокуратура қызметін қайта бастау туралы мәселе туындады. Себебі, ол кезде жергілікті органдардың заңдары мен директиваларын орындалуындағы уәкілетті мемлекеттік орган болған жоқ.

Осы себептен, 1922 жылдың мамырында қабылданған «Прокурорлық қадағалау туралы Ережеге» сәйкес, Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының прокуратурасы құрылды. 1923 жылы РКФСР-да қабылданған Азаматтық процестік кодексінде прокурордың процесстің кез-келген сатысында қатысу құқығы берілді. Кейіннен 1955 жылғы 24 мамырдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен бекітілген КСРО-дағы прокурорлық қадағалау туралы Ережеде прокуратура органдары сот үкімдерінің, шешімдерінің, анықтамалары мен қаулыларының заңдылығы мен негізділігін қадағалауға тиіс болды [16, 64 б.].

Атап өткен жөн, Қазақстан жерінде алғаш прокуратураның құрылуы 1922 жылдың 13–шілдесінен бастап, сол кезгі Орынборда Қазақ Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитетінің 2-ші шақырылған 3-ші сессиясы қаулысымен «Прокурорлық қадағалау туралы Ереже» бекітілген. Ол Ережеде прокуратура органдары заңдардың орындалуын қадағалауда қылмысқа қарсы күресті азайту мақсатында құрылғаны туралы айтылған. Прокуратура органдары әділет халық комиссариатының құрамына кірді, ал Әділет комиссары бір мезгілде Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының прокуроры болды [9,17 б.].

Бұл ретте, Ережеге сәйкес республика прокуроры өз құзыреті шегінде төмен тұрған прокурорларды тағайындау мен қатар оған мынадай өкілеттіліктер жүктелді:

а) барлық халық комиссарларының, мекемелер мен ұйымдардың қызметінің заңдылығын қадағалау және олар шығарған заңмен келіспейтін өкімдер мен қаулылардың күшін жою және оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

б) аталған өкімдер мен қаулыларды Халық Комиссарлар Кеңесіне және ҚазЦИК төралқасына олардың күшін жою мақсатында наразылық білдіру;

в) республика прокуроры көмекшілерінің, сондай-ақ жергілікті жерлерде прокурорлар мен олардың көмекшілерінің қызметіне басшылық жасау, қадағалау және олардың қызметінде туындайтын барлық мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

г) республика прокуроры қажет деп таныған жағдайларда прокурорлардың функцияларын тікелей жүзеге асыру [17, 8 б.].

Сонымен қатар, прокурор қадағалауды жүргізу мақсатында облыстық әкімшілік мекемелерден және лауазымды тұлғалардан кез-келген мәліметтер мен құжаттарды алуға құқылы болды.

Әрі қарай, 1933 жылы Әділет халық комиссариатының жанынан прокуратура басқармалары құрылып, прокурор мен әділет халық комиссарының функциялары бөлінді.

Алайда, КСРО прокуратурасы туралы ережесі бойынша прокурорды КСРО Орталық атқарушы комитетімен, ал оның орынбасарын – орталық атқарушы комитеттің Төралқасы тағайындауына байланысты прокуратураның қосарланған есептілігі болды [17, 12 б.].

1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО-ның Конституциясының қабылдануымен ҚазАССР одақтастық республикасының жаңа мәртебесін алды [9, 11 б.].

Бұл ретте, 1937 жылы 11 қарашада ҚазАКСР Конституциясының нормалары негізінде прокуратура органдары әділет халық комиссариатынан бөлініп, КСРО прокурорына тікелей есеп беретін тәуелсіз орган ретінде қызмет атқарды [9, 12 б.].

Осындай тектес прокуратура қызметінің ережелері кеңес кезеңінде КСРО-ның басқа да республикаларында болған.

Осы кездері, прокуратураға қоғамдық және жеке мекемелердің, жеке тұлғалардың, тергеу мен анықтау органдарының қызметін бақылау және мемлекеттік мекемелердің әрекеттерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру жүктелді.

Кейін, 1979 жылғы 30 қарашадағы КСРО-ның «КСРО прокуратурасы туралы» Заңында прокуратура қызметінің негізгі бағыттары анықталды. Олар:

– мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың заңдарды орындауын қадағалау (жалпы қадағалау);

– анықтау және алдын ала тергеу органдарын қадағалау;

– ұсталғандарды ұстау орындарында, алдын ала қамау орындарында, сот тағайындайтын мәжбүрлеу сипатындағы жазаларды және өзге де шараларды орындау кезінде заңдардың сақталуын қадағалау;

– социалистік меншікті қорғау туралы заңдардың бұзылуына қарсы күрес;

– қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күрес, қылмыстарды тергеу, қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту, қылмыс үшін жауаптылықтың бұлтартпастығын қамтамасыз ету;

– басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп қылмыстардың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын әзірлеу;

– құқық қорғау органдарының қылмыстарға және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі қызметін үйлестіру;

– заңнаманы жетілдіруге және кеңес заңдарын насихаттауға қатысу;

– олардың ішінде соттарда істерді қарау кезінде заңдардың орындалуын қадағалау [17, 14 б.].

Атап өткен жөн, 1979 жылы «КСРО прокуратурасы туралы» Заңның 31-бабында прокурорларға сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын орындауға жүгінген кезде заңдардың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру міндеті бірінші рет жүктелді. Заңда прокурор үкімдерді, шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды орындауға жүгінудің заңдылығын тексеретіні және сот орындаушыларының әрекеттеріне наразылық білдіретіні белгіленді [16, 64 б.].

Бұл ретте, прокурорға сот орындаушысының заңсыз әрекеттеріне заңсыз наразылық білдіру, шағымды тексеру немесе наразылықты қарау аяқталғанға дейін мүліктік өндіріп алу бөлігінде әрі орындалмаған шешімдердің орындалуын тоқтата тұру құқығы берілді. Себебі, сот шешімінің орындалуын бақылау және қадағалау мемлекет үшін маңызды болып табылды.

Жоғарыдағының негізінде біздің мемлекетіміз үшін атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың пайда болуы деп

тұжырымдауға болады. Себебі, бұған дейін сот шешімдерін орындайтын уәкілетті адамдардың қызметін прокурорлық қадағалау бойынша нақты бір нормативтік құжаттарда бекітілмеген.

Үшінші кезең тәуелсіз Қазақстан – Қазақстан Республикасының құрылуынан басталады. 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін, ал оның құрамына кірген бұрынғы 15 одақтас республика тәуелсіздікке ие болды. Оның ішінде тәуелсіздік алған Қазақстанның прокуратура органдары үшін дамудың жаңа кезеңі басталды [9, 18 б.].

1991 жылы ҚазАКСР Жоғары Кеңесінің «ҚазАКСР прокуратура органдарының біртұтас жүйесін құру, тәуелсіздігі мен еркіндігін қамтамасыз ету жөніндегі» Қаулысымен ҚазАКСР Бас Прокурорына бағынатын біртұтас прокуратура органдары жүйесі құрылды.

1992 жылы 17 қаңтарда ҚР Жоғарғы Кеңесінің Қаулысықабылданған «ҚР прокуратура туралы» Заңымен прокуратура органдары Жоғарғы Кеңеске есеп беретін, заңдардың орындалуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыратын орган болып қалыптасты [4, 10 б.].

Жоғарыда көрсетілген Заңнама прокуратура органдарының құқыққорғау қызметін жетілдіру ретінде қалыптастарды деп айтуға болады.

Үрдісті дамып келе жатқан мемлекеттік құрылыстың процестері, демократия мен құқықты дамыту 1994 жылғы 12 ақпандағы Мемлекеттік бағдарлама құқықтық жүйесін қалыптастыруға жаңа көзқарастарды жасауға жол ашты. Осы мемлекеттік бағдарламада 1995 жылғы 30 тамыздағы жаңа Конституция мен өзінің бекітілуін тапқан 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Прокуратура туралы» ҚР Заңында прокуратура органдарының негізгі қағидаттарын реформалау көзделді [18, 23 б.].

Тұтастай алғанда, Конституция прокуратураны біртұтас орталықтандырылған жүйесі бар орган ретінде айқындады, ол мемлекет атынан:

– Республика заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі біркелкі қолданылуын;

– жедел–іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын, заңдылықтың бұзылуын анықтау мен жою жөнінде қадағалауды;

– сотта мемлекеттің мүддесін білдіруді;

– қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда жоғары қадағалауды болып табылды [1].

Атап өткен жөн, тәуелсіз мемлекет ретінде алғаш 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңымен атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында қадағалауды жүзеге асырды [19].

Бұл ретте, прокурор сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын, аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын және азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілерін атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асырды.

Мәселен: – прокурор сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын;

– аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын;

– бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын;

– азаматтық, және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығын қадағалауды жүргізді [19].

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор өз құзыреті шегінде:

– адам құқықтары туралы, қамалғандар мен сотталғандарға мейірбандық тұрғыдан қарау жөнінде Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының дәл және бірыңғай қолданылуын талап етуге;

– азаматтың, мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы мен өтініштері бойынша атқарушылық істер жүргізілуін талап етуге және тексеруге;

– сот тағайындаған жазалау және мәжбүр ету сипатындағы өзге де шараларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелерінде тексеру мақсатымен кез келген уақытта болуға;

– ұсталғандардан, қамалғандардан, сотталғандар мен мәжбүр ету сипатындағы шаралар қолданылған адамдардан жауап алуға;

– осы адамдарды ұстауға, қамауға, жазасын өтеуге, сондай-ақ оларға мәжбүр ету сипатындағы шараларды қолдануға негіз болған құжаттарды талап етуге;

– мәжбүр ету шараларын атқарушы бас бостандығынан айыру орындарында немесе мекемелерінде заңсыз отырған әрбір адамды өз қаулысымен дереу босатуға;

– бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға заңды бұза отырып, қолданылған тәртіптік шаралардың күшін жоюға, оларды өз қаулысымен айыптық изолятордан, камералық үлгідегі орындардан немесе қарцерден қамаудан босатуға;

– заңда белгіленген жағдайларда жазалауды атқарушы мекемелер әкімшілігінің актілерін санкциялауға хақылы;

– заңдарда белгіленген жағдайларда атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдармен борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа мүлкіне тыйым салу туралы қаулыларына санкция беруге құқылы болды [19].

Атап өткен жөн, 2010 жылғы «Прокуратура туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуі салдарынан, белгіленген жағдайларда атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдармен борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа мүлкіне тыйым салу туралы қаулыларына санкция беру өкілеттілігі алып тасталынды [19].

Сонымен қатар, 1998 жылғы 30 маусымдағы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 5-бабы 1-тармағының б) тармақшасында атқарушылық құжат ретінде прокурор талаптарының мәжбүрлеп орындау туралы қаулысын орындайды. Бұл норма прокурорлық ден қою актілерінің орындалуын және барлық адамдардың, оның ішіне меншік нысанына қарамастан ұйымдардың заңдылықты сақталуын қамтамасыз ету үшін өзін орнықтырды [20].

Осылайша, атқарушылық іс жүргізу заңнамасында прокурордың өзін орнықтыруы мен өкілеттерінің айқындалуын байқауға болады.

Кейін, Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларға орай 2017 жылғы 30 маусымда «Прокуратура туралы» ҚР жаңа Заңы қабылданды [21].

Бұл ретте, прокуратура мемлекет атынан ҚР-ның аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады [1].

Прокуратура – мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың

лауазымды адамдарының, ал айрықша жағдайларда ҚР Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады [21].

Сондай-ақ, прокуратура органдарының жоғары қадағалауының шектері мен нысандары анықталып, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қызметінде заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауда шекаралары белгіленді. Тексерулер тағайындауы, прокурорлардың талап қоюмен сотқа жүгінуі үшін негіздер қысқартылды. Қадағалау нысандары анықталды: құқықтық актілерді, оның ішінде заңды күшіне енгендерді тексеру, талдау, бағалау. Прокурорлық қадағалау актілерінен ұйғарым және ескерту алынып тасталды [21].

Бұған қоса, қазіргі таңда атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауда бірқатар өзгерістер байқауға болады.

Мәселен, «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

- сот орындаушысы әрекеттерінің заңдылығын тексереді (6-баптың 3 және 4 тармақтарында);
- сот орындаушыларының қаулыларын санкциялайды;
- сот орындаушысынан атқарушылық құжатты алады және оны басқа сот орындаушысына беру үшін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» [22] Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына немесе жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына береді [22];
- өзге де өкілеттіктерді орындайды [21].

Осылайша, прокурорлық қадағалаудың дамуы мен қалыптасуын зерттей отырып, қорыңдылай келе Қазақстан прокуратурасының даму кезеңі үшке бөлуге болады.

Бірінші кезең – қазақ даласын патшалық Ресейдің отарлауымен байланысты. Хронологиялық ол XVIII–XX ғасырдың басын қамтиды. Бұл кезеңде Қазақ даласында прокуратура органы болмаған. Оның рөлін ішінара билер институты қызмет атқарған деп айтуға болады.

Екінші кезең – Кеңес өкіметі басқарған уақытта Қазақстанда прокуратура органдары құрылды (1917–1989). Бұл аралықта 1979 жылдан бастап прокуратура органдары үшін атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалау функциясы бірінші рет жүктелді.

Атап өткен жөн, 1864 жылдан 1979 жылға дейін сот приставтары институты бола тұра осы салада прокурорға қадағалауды жүзеге асыру функциясы болмаған деп тұжырымдауға болады.

Үшінші кезең – 1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып жариялануынан басталады. Тәуелсіз мемлекет жолында «Прокуратура туралы» Заңына біршама өзгерістер мен толықтырулар енгізумен атқарушылық іс жүргізуде прокурордың рөлі мен ауқымы кеңейтілді.

1.2. Шетелдердегі атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың тәжірибесі

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың замануи шетелдік модельдері, олардың даму тенденциялары Қазақстандық жүйенің жетілдіруде жинақталған тәжірибені зерттеуде қызығушылық тудырады.

Көптеген елдерде прокуратура органдарының мәртебесі мен құзыреті әртүрлі. Прокуратура мен оған ұқсас органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің әртүрлі модельдері де бар. Дамыған елдердің саяси жүйелеріндегі сот билігінің жағдайына байланысты осы елдердегі прокуратура органдарының

өкілеттіктері де, сот шешімдерін орындау органдарының қызметі де ерекшеленеді.

Бұл ретте, АҚШ, Франция, Германия мемлекеттерінде прокуратура органдарының негізгі қызметі қылмыстық қудалауды жүзеге асыру болып табылады. Осы аталған елдердегі сот орындаушыларының қызметін сот бақылайды.

Сонымен қатар, алыс және жақын шетелдердің атқарушылық іс жүргізу саласындағы прокурорлық қадағалаудың заңнамасы ментәжірибесін зерделеу барысында, бұл мәселелер тарихи тамырларына байланысты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, ТМД елдерінде неғұрлым жалпы сипатқа ие екендігін байқауға болады.

Мәселен, Ресей Федерациясының прокуратурасы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауда сот приставтарын заңдарды орындауын қадағалауды жүзеге асырады [23].

Ресей Федерациясында прокурорға бөлімшелер приставтарының заңдарды орындауын немесе жоғары тұрған сот приставтары қызметінің бөлімшелеріне тексеру жүргізу құқығы берілген. Атап айтқанда:

- осы саладағы сот шешімдерін есепке алудың орындалуын тексеру;
- атқарушылық іс жүргізуде мерзімдердің сақталуын тексеру;
- белсенді іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет болған кезде приставтардың әрекетсіздік жағдайларын тексеру;
- пристав қызметінің заңдылығын растайтын немесе теріске шығаратын құжаттарды сұрату;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасаудың заңдылығы мен негізділігін тексеру;
- прокуратураға келіп түскен өтініште көрсетілген мәселе бойынша прокурордың түсініктеме алуы үшін приставты шақыру;

– прокурорға дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, сот орындаушысына қатысты Ресей Федерациясының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 17.7-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау [24].

Ресей Федерациясының прокуратура органдарына осы саладағы заң бұзушылықтар туралы мәліметтер әртүрлі көздерден келеді. Мысалы:

– ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларының ресми хабарламалары (мемлекеттік органдарға түсетіндер);

– азаматтардың өтініштері (арыздары мен шағымдары);

– тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған қоғамдық ұйымдардың өтініштері;

– БАҚ хабарламалары;

– іс материалдары (қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер);

– қадағалау тәжірибесін бағалау және қорыту;

– жүргізілген тексерулердің нәтижелері;

– РФ-ның статистикалық есептілігінің мәліметтері.

Бұған қоса, Ресейде сот приставтарымен атқарушылық әрекеттерді орындауға тартылған кәсіби аудармашыларға, білікті мамандарға қызметтерді орындағаны үшін сыйақы мен өтемақы төлеудің заңдылығын қадағалаудың маңызды элементі болып табылады [24].

Прокурорлар атқарушылық алым ретінде түсетін ақша қаражатын бөлу кезінде Заңнаманың орындалу фактілерін мұқият тексеріп, атқару құжатын орындағаны үшін сот орындаушыларына сыйақы төлеудің заңдылығына назар аударады.

Жоғарыдағылардың негізінде, Ресей Федерациясы прокуратурасының өкілеттіктері Қазақстан Республикасы прокуратурасынан мүлде айырмашылығы жоқ деп тұжырымдауға болады.

Алайда, Ресей Федерациясында мәжбүрлеп орындауды сот приставтары жүргізсе, Қазақстанда сот орындаушылары жүзеге асырады.

Атап өткен жөн, Қазақстанда сот приставтары мен сот орындаушылары деген екі институт бар. Алайда, аталмыш институттардың айырмашылығы сот приставтарының міндеті сот процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету болса, ал сот орындаушылары сот шешімдерін орындаумен қызмет атқарады.

Дегенмен, бүгінгі күні елімізде жанжалды істер бойынша сот орындаушылардың қауіпсіздігін қорғау мәселесі проблемалық сұрақтардың бірі болып отыр.

Мысалы, 2021 жылы 20 қыркүйекте Алматы қаласы Алатау ауданында жеке үйлердің бірінің иесі сот шешімімен танысқаннан кейін оны үйден шығару кезінде сот орындаушыларға атыс қаруынан оқ атқан. Нәтижесінде бес адам, оның ішінде екі учаскелік полиция инспекторы мен сот орындаушысы атыс жарақатын алып, қайтыс болды [25].

Осы орайда, Ресей Федерациясының тәжірибесіндей сот актілерін орындауда күштік қолдау көрсетіп, соттарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ҚР Әділет министрлігі жанында сот приставы институтын құрған жөн деп есептейміз.

Сонымен қатар, сот орындаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйден шығару санатындағы атқарушылық құжаттарды орындауды жүзеге асырмас бұрын кезекші прокурорды хабардар етіп, сот шешімін орындауға арнайы топ құру (кезекші прокурор, полиция қызметкерлері, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметкерлері, психолог) тиімді болады санаймыз.

Франция мемлекетіне келетін болсақ сот актілерін жеке орындау жүйесі тарихи түрде дамыған, онда сот орындаушыларының өкілеттіктерін осы қызметке мемлекеттік лицензия алған және оны өз бетінше жүзеге асыратын адамдар орындайды. Әр түрлі мақсаттары мен функциялары бар сот орындаушыларының әртүрлі кәсіби ұйымдары бар. Олардың палаталары

департаменттерде, аймақтарда және жалпыұлттық деңгейде қызмет атакрады. Францияның Әділет министрлігі жанынан сот орындаушыларының қызметін үйлестіру үшін Ұлттық Палатасы жұмыс істейді [26].

Сонымен қатар, Францияда сот орындаушылар актілерді тапсыруға, сот актілерінің орындалуын және берешекті өндіріп алуды қамтамасыз етуге құқылы. Сот орындаушылары Француз Республикасының Әділет министрінің қаулысымен қызметке тағайындалады [26].

Бұл ретте, сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылау Франция Әділет министрлігінің және сот орындаушыларының Ұлттық палатасының функцияларына кіреді [26].

Францияның Әділет министрлігі сот шешімдерінің орындалуын бақылап, сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдарды қарайды және олардың жұмысына қатысты заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді [26].

Сонымен қатар, сот орындаушыларының қызметін қадағалауды Франция мемлекетінің прокуратурасы жүзеге асырады. Бұл ретте, прокуратура қаржылық және бухгалтерлік құжаттарға инспекциялар мен тексерулерді жүргізеді.

Бұған қоса, сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдарды және процессуалдық бақылауды орындау судьялары жүзеге асырады. Мысалы, борышкерге тиесілі емес мүлікті тізімдемеден шығару, өндіріп алушыға тиесілі нақты қарыз сомасын анықтау, пайыздардың дұрыстығын тексеру, мәжбүрлеп орындауды тоқтата тұру және борышкердің мүлкін иесіне қайтару мақсатында оған тыйым салу мәселесін қарайды [26].

Мәжбүрлеп орындату органдарының дербестігі мен жеке сипатына қарамастан, француз құқықтық жүйесіндегі атқарушылық іс жүргізу дәстүрлі түрде азаматтық іс жүргізу құқығының бөлігі ретінде, азаматтың сот төрелігіне қол жеткізуінің ажырамас шарты ретінде қарастырылады. Францияда атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру арқылы жеке құқық саласындағы

юрисдикциялық актілер орындалады. Қоғамдық құқыққа келетін болсақ, оның аясында мемлекеттік қазынашылықтың сот орындаушыларының арнайы жүйесі жұмыс істейді [27, 45 бет].

Сот орындаушылары мемлекеттен жалақы алмайды, бірақ мемлекет белгілеген тарифтер бойынша ақы алады. Мысалы, мәжбүрлеп орындау процедурасы аясында құжаттарды тапсыру мемлекет тарапынан төленеді және борышкердің есебінен төленеді. Егер сот орындаушысы заң мамандықтарының басқа да тұлғалары ұсынуы мүмкін заң қызметтерін көрсеткен жағдайда, оның сыйақысы шарттық сипатта болады және өтініш жасағандарға төленеді.

Француз атқарушылық өндірісінің ерекшелігі – астрент. Бұл борышкердің негізгі қарыз сомасынан басқа, борышкерге жүктелген міндеттер толық орындалғанға дейін күн сайын өсетін өсімпұлды төлеу міндетін білдіреді. Астрентті судья анықтауға құқылы. Кейбір жағдайларда оның мөлшері заңмен анықталады [28].

Дамыған шетелдердің бірі – Германияға мемлекетінде атқарушылық іс жүргізу азаматтық процестің бөлігі болып табылады, өйткені оның мақсаты дауды шешумен шектелмейді, сонымен бірге сот шешімімен расталған міндетті мәжбүрлеп жүзеге асыруды да қамтиды. Бұл тезисті дәстүрлі деп санауға болады, өйткені бұрынғы жалпы неміс Заңына сәйкес сот шешімдері несие берушінің тиісті өтініштері негізінде әрекет ететін судьяның тікелей бақылауымен орындалады (неміс атқарушылық іс жүргізуіндегі тараптар несие беруші және борышкер). ҚР-нан айырмашылығы, Германияның құқықтық жүйесі жеке және ұжымдық атқарушылық іс жүргізу болып бөлінумен, олардың арасында айырмашылық бар. Біріншісі жеке несие беруші басқа несие берушілермен бәсекелес бола отырып, борышкердің мүлкінен өндіріп алатындығымен сипатталады [29].

Неміс атқарушылық іс жүргізуінің тағы бір ерекшелігі онда тек азаматтық атқарушылық іс жүргізу реттейді. Бұл жағдайда, азаматтық атқарушылық іс

жүргізу тәртібінде жалпы юрисдикция соттарының актілері емес, сонымен бірге заңнамаларда көрсетілген басқа да атқарушылық құжаттар да орындалады.

Германияда атқарушылық іс жүргізу кредитордың, борышкердің және сот орындаушысы, іс жүргізуді жүзеге асыратын сот немесе өзге де органдар ретінде әрекет ете алатын мәжбүрлеп орындау органының қатысуымен жүзеге асырылады. Жеке Заңмен айқындалмайтын сот орындаушысының мәртебесі қызығушылық тудырады. Сот құрылысы туралы Заңға сәйкес оның қызметтік міндеттерінің шеңберін жер Әділет басқармасы белгілеуі керек. Осы өкілеттікті жүзеге асыру мақсатында сот орындаушысы туралы жалпы ереже шығарылып, ол әкімшілік қызмет субъектілері арасындағы тек ішкі қатынастарды реттейтін әкімшілік бұйрық болып табылды. Осылайша, сот орындаушысының мәртебесі мен функциялары, заңдардан және басқа да нормативтік актілердің әртүрлі ережелерінен тұрады. Сот орындаушысы тәуелсіз әділет органы болып табылағанымен учаскелік соттың бақылауында болады [29].

Мәселен, сот орындаушысының қызметін бақылауды екіге бөліп қарастырылған:

1) іс жүргізу (сот тарапынан сот орындаушысының әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану);

2) тәртіптік (сот орындаушысының қызметін учаскелік сот судьясымен бақылау жатады). Бұл ведомстволық бағынысты аумағында мәжбүрлеп орындату жүргізілуі тиіс учаскелік сот болып табылады. Орындау соты деп аталатын арнайы лауазымды тұлға арқылы да, кәсіби судья арқылы да шешім қабылдай алады [29].

Өз кезегінде атқарушылық іс жүргізу мүлікті мәжбүрлеп басқару, сатудан және борышкердің құқықтарына тыйым салудан тұрады. Сот істі қарау кезінде тараптардың барлық құқықтарын сақтай отыра ауызша жүргізуі мүмкін.

Бұған қоса, соттың орындау жөніндегі құзыретін іс жүргізу сотының өкілеттерінен ажырата білген жөн.

Бұл ретте, бірінші сатыдағы іс жүргізу соты борышкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға, белгілі бір әрекеттерден бас тартуға немесе басқа адамдардың әрекеттерінің қажеттілігіне берілген шешімдердің орындалуына қарайды. Орындау құралдары - бұл соттың тарап есебінен іс-әрекеттерді орындауы, сот шығындарын алдын - ала, мәжбүрлі немесе әкімшілік айыппұл салу немесе қамауға алу болып табылады. Көрсетілген шаралардың бірін пайдалану туралы шешімді учаскелік соттың судьясы немесе жер соты судьяларының алқасы істің бірінші сатыдағы ведомстволық бағыныстылығына қарай ұйғарыммен қабылдайды [29].

Германияның атқарушылық іс жүргізуінде атқарушылық құжатты мәжбүрлеп іске асыру үшін бірнеше мәжбүрлеп орындау органдары тартылуы мүмкін. Бұл ретте, функционалдық және аумақтық құзыретін реттейтін ережелерді сақтай отырып кредитордың қалауы бойынша айқындалады. Бұл қағида Қазақстанға қолдануға келмейді, себебі онда мәжбүрлеп орындау тек сот орындаушыларына міндеттелген.

Германиялық атқарушылық іс жүргізу жүйесінің кейбір элементтері мен механизмдерін Қазақстанда қолдануға болады. Қазіргі таңда, сот актілерін және өзге де органдардың актілерін мәжбүрлеп орындау саласындағы сот орындаушысының отандық монополиясы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның маңызды элементі ретінде сот билігін дамытудың жалпы әлемдік үрдістеріне жауап бермейді. Германияда ғана емес, сонымен қатар басқа мемлекеттерде де әртүрлі нысандарда бар «орындау соты» институты атқарушылық іс жүргізу міндеттерін шешудің тиімді құралы болып көрінеді. Атқарушылық әрекеттердің негізгі массивін басқа атқарушы органдарға қалдырған кезде соттың заңды сипаттағы негізгі мәселелерді қабылдауы мәжбүрлеп орындатуға барлық қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын неғұрлым толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және жөнелтуді ақылға қонымды үйлестіруді көздейді [29].

Мәжбүрлеп орындату органдарының Герман жүйесі соттың мәжбүрлеп орындату барысында туындайтын неғұрлым күрделі мәселелерді қалай шеше алатынын, сот актілерінің тез, толық және заңды орындалуының кепілі бола алатынын көрсетеді. Қазіргі заманғы Неміс заңгерлері сот орындаушылар институтының француз заң тәртібінен алғашқы қарыз алуын айта отырып, бұл институт механикалық көшірілмегенін айтады: неміс заң шығарушысы алдымен оны айтарлықтай өзгертуге мәжбүр болды, яғни сот орындаушысының қызметіне сот бақылауы бірден орнатылды. Олар сонымен бірге (1991–1992 жылдардағы атқарушылық іс жүргізуді реформалау кезінде) француздар неміс заңдарынан көп нәрсе алғанын және ең алдымен, атқарушылық іс жүргізу соты институтын мәжбүрлеп орындаудың ерекше органы ретінде алғанын ұмытпайды [29].

Келесі дамыған елдердің бірі АҚШ-та жеке коллекторлық компаниялардың сот шешімдерін орындаудың пәрменді жүйесі олардың қызметін қарыздарды өндіріп алудың адал әдістері туралы заңмен қатаң регламенттелуіне қарамастан, сот шешімдерін орындауды мемлекеттік құрылымдарды тартпай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, мемлекеттік органдарға жүгіну жағдайы мемлекеттік органның беделі мен кеңейтілген өкілеттіктерін қолдануды талап ететін төтенше жағдайларда ғана болады. АҚШ-тағы атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік жүйесін Қазақстан сияқты бірыңғай қызмет емес, бірнеше қызмет жүзеге асырады. Сот орындаушыларының міндеттері Шериф қызметі мен Маршал қызметіне жүктелген (U. S. Marshals Service). Бұл АҚШ үкіметінің ерекшеліктеріне байланысты. АҚШ Конституциясына сәйкес Америка Құрама Штаттарының сот билігін АҚШ Жоғарғы Соты және Конгресс құрған төменгі федералды соттар жүзеге асырады. Оныншы түзетуге сәйкес әрбір штаттар өзінің сот органдарын құруға құқылы. АҚШ Жоғарғы Соты федералды және штат соттарының қызметіне араласуға құқығы жоқ. Осыған байланысты АҚШ

сот төрелігін қамтамасыз ету және сот шешімдерін орындау жөнінде мемлекеттік органдардың қос жүйесі жұмыс істейді. Тиісінше, атқарушылық іс жүргізу Федералды ережелер және белгілі бір штаттың азаматтық сот ісін жүргізу ережелерімен жүзеге асырылады [30].

Бұл ретте, шерифтер қызметіне жеке талаптар, шағын нысандағы талаптар бойынша сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету, экология ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды, балаларды күтіп-бағуға алименттер, төленбеген салықтарды өндіру, мүлікті тәркілеу және шығару жатады. Сот шешімдерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында шериф борышкердің мүлкін, жеке өзі немесе уәкілетті ұйымдардың көмегімен сатуға құқылы [30].

Сонымен қатар, федералды деңгейде сот орындаушысының міндеті АҚШ-тың маршалдарына жүктелген. Сот шешімдерін орындау – АҚШ маршалдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Сот шешімі шыққаннан кейін оны өз еркімен орындауға борышкердің 30 күні бар. Егер борышкер көрсетілген мерзімде өз міндеттемелерін орындамаса, кредитор мәжбүрлеп орындау рәсімін бастауға құқылы. Өндіріп алу тек жеке меншікке қатысты мүмкін болғандықтан, борышкерге тиесілі мүлікті анықтау үшін жеке детективтік агенттіктерге немесе сотқа жүгіну арқылы жүзеге асыра алады [30].

АҚШ-та сұратылған ақпарат ұсынылмаған немесе куә сотқа келмеген жағдайда оған мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Мысалы, бірқатар мемлекеттерде көлік құралдарын басқару құқығын тоқтата тұру, түрлі лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру тәжірибесі бар. Алиментті қасақана төлемеуші, егер оның төлемдер үшін жеткілікті қаражаттары бар деп күдіктенуге дәлел болса, ақпарат берілгенге дейін түрмеге жабылуы мүмкін.

АҚШ-тың Маршал қызметінің құзыретіне федералды прокурордың кеңсесі, ФТБ, есірткіге қарсы күрес Бюросы, Ұлттық қауіпсіздік департаменті және алкоголь, темекі, атыс қаруы және жарылғыш заттар

бюросыментәркіленген мүлікті басқару және сату жатады. Тәркіленген мүлікті сату заңдарды сақтау қажеттілігін сендірудің тиімді әдісі болып табылады және құқық қорғау органдарының кірістерін арттырады [30].

Мысалы, 2010 жылы жалпы ұлттық бағдарлама аясында жалпы құны 3,9 млрд. бағаланған мүліктен алынған қаражат қылмыс құрбандарына өтемақы төлеуге жұмсалған [31].

Бұл ретте, мүліктен алынған қаражат тәркілеу туралы Заңға (Comprehensive Forfeiture Act of 1984) сәйкес тергеуге қатысқан барлық құқық қорғау органдары арасында пропорционалды түрде бөлінді. Мұндай тәжірибе қоғам тарапынан көптеген сын – пікірлер тудырды. Олар зардап шеккендер мен шығындарды өтегеннен кейін алынған қаражат мемлекет бюджетіне жұмсалмай, федералды құрылымдардың қатаң бақылауымен бүкіл халықтың қажеттіліктеріне жұмсалуы керек деп санайды [30].

Мүлікті сатуды, басқаруды және сақтауды аккредиттелген және кәсіби мүмкіндіктері мен беделі жоғары компаниялар жүзеге асырады. Тәркіленген мүліктің жағдайы және бастапқы бағасы туралы ақпарат АҚШ Маршалл қызметі мен аккредиттелген компанияның сайтында орналастырылған. Мүлікті сату электрондық аукциондардың көмегімен жүзеге асырылады. Оларға кез-келген адам қатыса алады. Бас прокурордың өкілі жыл сайын Маршалл қызметінің мүлікті сақтау және сату шарттарын тексеруді жүзеге асырады. АҚШ-тағы атқарушылық іс жүргізудің жалпы ережелерін талдау АҚШ үлгісі бойынша ресейлік атқарушылық іс жүргізу жүйесін қайта ұйымдастырудың орынсыздығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. АҚШ-тың атқарушылық іс жүргізуін басқа мемлекеттік жүйелермен және құрылымдармен байланыссыз қарастыруға болмайды.

Қазақстанның сот жүйесі, жергілікті атқарушы органдары мен атқарушылық іс жүргізудегі органдардың құрылымы АҚШ-тан айтарлықтай ерекшеленеді. АҚШ-тағы маршал және шериф қызметтерінің өкілеттілігі нақты

айқындалмағандықтан көптеген дау тудырып, соттың араласуын қажет етеді [30].

Бұл ретте, заңдылықтың сақталуына және өндіріп алушы мен борышкердің құқықтарын қамтамасыз етуге кепілдіктер береді. Кең ауқымды өкілеттіктер беру, барлық бөлімшелерінің қызметіне бақылауды жоғалтуға әкеледі (мысалы, соттың қауіпсіздігі, мүлікті сату және т.б.). Шериф қызметінің нақты құқықтық реттеуінің болмауы бақылаудың жоғалтуына негіз болып табылады. Ғасырлар бойғы тәжірибе және халықтың жоғары құқықтық мәдениеті АҚШ-тағы осы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді [30].

Осымен бірнеше шет мемлекеттердегі атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында қадағалауды жүзеге асыратын органдардың тәжірибесін зерттей келе, мынадай ұсыныстар енгізуге болады:

1. Ресей Федерациясының тәжірибесіндегі сот актілерін орындауда күштік қолдау көрсетіп, соттарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ҚР Әділет министрлігі жанында сот приставы институтын құру болып табылады.

Сот орындаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйден шығару санатындағы атқарушылық құжаттарды орындауды жүзеге асырмас бұрын кезекші прокурорды хабардар етіп, сот шешімін орындауға арнайы топ құру (кезекші прокурор, полиция қызметкерлері, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметкерлері, психолог) тиімді болады санаймыз.

2. Француз атқарушылық өндірісінің оңды тәжірибесінің бірі астрент ұғымын елімізде енгізу, борышкерлерге жүктелген міндеттерді сезінумен қатар бүгінгі күнге дейін орындалмаған барлық санаттағы атқарушылық құжаттардың санын азайтуға әкеледі деп есептейміз.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫНДА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1. Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын прокурорлық қадағалаудың нысанасы, объектілері және шектері

Мемлекеттік және қоғамдық өмір елде заңдардың қатаң және дәл сақталуына және заңның үстемдігін қамтамасыз ететін сенімді тетіктің болуын қажет етеді.

Осыған орай, әр мемлекеттің саяси жүйесінің негізгі ажырамас атрибуты прокуратура органдары болуды талап етеді.

Бүгінгі таңда, прокуратура – бұл Қазақстан Республикасының Конституциясының сақталуын және бүкіл қолданылатын заңдардың орындалуын қадағалайтын бірыңғай жүйе.

ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 1-бабында прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады [21].

Өз кезегінде, прокурорлық қадағалаудың объектісі және шектеріне тоқталмас бұрын, «прокурорлық қадағалау» ұғымын түсіну қажет деп санаймыз.

Көптеген заң ғалымдары прокурорлық қадағалаудың ұғымын әр түрлі мазмұнда түсіндіреді. Мысалы, Ресей ғалымы В.Г. Бессабаровтың пікірінше, прокурорлық қадағалау – бұл заң бұзушылықтарды уақытылы анықтау, жою және алдын-алу арқылы заңның үстемдігін, бірлікті және заңдылықты нығайтуды қамтамасыз ету, азаматтың адам құқықтары мен бостандықтарын,

қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында мемлекет атынан жүзеге асырылатын негізгі ерекше қызметтің заңмен бекітілген түрі деп қарастырады [6, 9 б.].

Р.Н. Акпарованың пікірінше, «прокурорлық қадағалау деп мемлекет атынан жүзеге асырылатын арнайы уәкілетті адамдардың, прокурорлардың заңдарды бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жою шараларын қабылдау, кінәлілерді жауапқа тарту, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру арқылы заңдардың нақты орындалуын және біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды камтамасыз ету жөніндегі қызметін түсіну деп қарастырады» [32, 18 б.].

С.К. Журсимбаевтың пайымдауынша, «прокурорлық қадағалау – бұл мыналарды сипаттайтын ұғым: прокуратураның негізгі функциясы мемлекеттік қызметтің дербес және ерекше түрі ретінде; заң ғылымының саласы; оқу пәні. Прокурорлық қадағалау заң ғылымының саласы ретінде прокурорлардың қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін реттейтін заңнама, оны жүзеге асырудың нысандары, құралдары мен әдістері, қадағалауды жүзеге асыру саласындағы қоғамдық қатынастардың даму заңдылықтары, осы қызметтің тиімділік проблемалары және т. б. туралы білім сомасын білдіреді» [15, 23 б.].

Ресей ғалымы В.Н. Григорьеваның пікірінше, «прокурорлық қадағалау – бұл мемлекет атынан жүзеге асырылатын және Ресей Федерациясының Конституциясын дәлдігін сақтау және оның аумағында қолданылатын заңдардың орындалуын тексеретін, заңдардың бұзылуы анықталған жағдайда жауап беру құралдарын қолдану мүмкіндігімен шектелетін мемлекеттік федералды прокуратура органдарының дербес нақты қызметі деп орнықтырады» [33, 19 б.].

Қазақстандық ғалым, М.М. Алиевтің пайымдауынша, «прокурорлық қадағалау – бұл мемлекеттік қызметтің тәуелсіз, ерекше түрі, оны прокуратурадан басқа ешқандай басқа мемлекеттік, қоғамдық, тәуелсіз немесе

басқа ұйымдар, мекемелер немесе лауазымды тұлғалар жүзеге асыра алмайды» деп айтқан [34,200 б.].

Біздің ойымызша, «прокурорлық қадағалау» – мемлекет аумағында жоғары заңдылықты қамтамасыз етумен, кез-келген заң бұзушылықтарды жою және алдын алумен қатар, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда кепілгер күші бар дербес қызмет деп тұжырымдаймыз.

Сонымен, прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыру мақсатында прокурорлық қадағалаудың нысанасын жан-жақты зерттеу, прокурорлық қадағалау кезінде заңдардың орындалу маңыздылығын айқындау қажет [35, 290 б.].

Біз ресей ғалымы С.А. Емельяновтың пікірімен келісеміз, ол «прокурорлық қадағалау» нысанасы деп: «заң бұзушылықтарды және оған ықпал ететін жағдайларды анықтау, бұзушылықтардың жолын кесу, жауаптылыққа тарту, алдын алу шараларын қабылдауды» айтады [36, 112 б.].

Кейбір ғалымдардың пікірлерімен келісу қиын, мысалы Ресей ғалымы В.В. Долежанның пікірінше: «заңнан ауытқуға мүмкіндік берген билік органдарының, басқармалардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың қызметі прокурорлық қадағалаудың мәні болып табылады» деп санайды [38, 36 б.].

Алайда, прокуратура органдары осы саладағы қадағалауды жүзеге асырудан бөлек адам мен азаматтардың құқықтарын қорғау жөнінде қызметті жүзеге асыратын орган ретінде өзін қалыптастырады.

«Прокуратура туралы» Заңының 6-бабында заңдардың орындалуына прокурорлық қадағалау нысанасы деп «мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, ал айрықша жағдайларда Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша

меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады» деп айқындалған [21].

Қаралып отырған қадағалау қызметі саласында жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қорғау, олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі іс-әрекеттің құқық қорғау компонентін бөліп көрсетуге болады, бұл прокуратураның зерттеліп отырған қызметін өндіріп алушылар да, борышкерлер де бола алатын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау ұғымымен жақындастырады.

Сонымен қатар, зерттеліп отырған саладағы прокурорлардың қадағалау қызметін сипаттауға кешенді көзқарасы сот орындаушыларының заңдардың орындалуын қадағалаудың нысанасы – Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау, азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау, шектелмеген адам қатары, кәсіпкерлік субъектілері, сот орындаушылары қызметінің органдары мен олардың лауазымды тұлғалары, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, атқарушылық іс жүргізу бойынша құқықтық актілер, сондай-ақ осы салада қабылданған шешімдері болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың оңтайлы модельін таңдау оның нысанасын дұрыс түсінуін қажет етеді, себебі прокуратура органдарының мазмұны осы арқылы ашылады.

Ресейлік ғалымы В.В. Гавриловтың пікірінше: «заңдардың орындалуы прокурорлық қадағалау нысанасы ретінде айқындалуы тиіс» деп түсінік берген. Мысалы, тәжірибеде прокурорлар өздеріне тән емес функцияларды орындауын жоққа шығармаймыз.

«Прокурорлық қадағалау теориясы мен тәжірибесінің негіздерінің бірі прокурорлық қадағалау шектері» сияқты категория болып табылады, оған ғылыми көзқарас бұрыннан қалыптасқан және негізінен елеулі жаңалықтарға

ұшырамайды. Соңғы жылдары прокуратура туралы заңға қатысты тұжырымдаманы түсіну мәселелеріне ресей ғалымдары А. Х. Казарина және А.Я. Мыцыков сияқты авторлар аса мән берді [39, 174 бет].

«Прокуратура туралы» Заңының 6-бабының 6-тармағына сәйкес, прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асырған кезде өзге де мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды [21]. Біз осымен келісе отырып, В.Г. Бессабаровтың пікірімен бөлісеміз, ол: «прокуратура мемлекеттік органдардың және тиісті лауазымды тұлғалардың өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді қолданылатын барлық органдар, ұйымдар мен азаматтардың орындауын қамтамасыз ету және бақылау міндеттерін қалай атқаратынын қадағалауы керек» дейді [40, 317 бет].

Осылайша, прокурорлардың қадағалау қызметі прокурорлар олардың қызмет аясын басқа салалардан бөлетін шекараны әрдайым анықтай бермейтінін көрсетеді. Сондықтан атқарушылық іс жүргізуде адам мен азаматтардың құқықтарының қамтамасыз етуде қадағалаудың нақты шектерін анықтау қажеттілікке айналады.

Бұл ретте, прокурорлық қадағалаудың шектеріне оның өкілеттіліктерін заңнамалық аясында шектеу деп пайымдау керек. Прокурорлық қадағалаудың шегі деп, тексеруге дайындалу кезінде мүмкін және тыйым салынған шекараны белгілейтін жалпы құқықтық категорияны бөлуге болады.

Осы орайда, ресей ғалымдары В.Г. Даев және М.Н. Маршунов прокурорлық қадағалаудың шектері деп прокурорлардың қадағалауды жүзеге асырудағы құзыретін анықтауға мүмкіндік беретін құқықтық категория деп санайды, олардың нақты және біркелкі орындалуы прокурорлық қадағалаудың мәні болып табылады, олардың қызметі прокуратурада қадағаланатын органдар шеңбері, сондай-ақ прокурорлардың өкілеттіктері» деп айтқан [41, 63 бет].

Ресей ғалымы В.Г. Бессабаровтың пайымдауынша, «сот орындаушыларының заңдарды орындауын прокурорлық қадағалау шектеріне

прокурордың тек заңдардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыруы жатады, бұл өзге нормативтік құқықтық актілердің, қадағалау объектілерінің орындалуын қадағалау оның құзыретіне кірмейтіндігін және оның өкілеттіктерінен тыс екенін куәландырады» [40, 264 бет].

Біздің ойымызша, атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалаудың шектерін бірнешеге жіктеуге болады. Олар:

Қадағаланатын объектілер мен субъектілер шеңбері бойынша.

Прокурорлық қадағалаудың объектілері мен субъектілері қай салада болсада оның негізгі ағзасы десек те қателеспейміз. Себебі, қадағалауда объектілердің немесе субъектілердің біреуі болмаған жағдайда оны қадағалау мүмкін емес екендігі өзімізге мәлім. Біз осымен келісе отыра, Ю.Е. Винокуровтың пікірімен бөлісеміз, ол «бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ мазмұны жағынан айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан іс жүзінде не құқықтық әдебиеттерде объектіні субъект деп аталатын кезде және керісінше олардың әрқайсысын дұрыс қолданбау жағдайлары жиі кездеседі» дейді [42].

Сонымен қатар, Ю.Е. Винокуровтың пікірімен келісе отыра, ол «прокурорлық қадағалау объектісі деп прокурорлық тексерулер жүргізілетін кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды және басқа да органдар, ал субъектісі прокурорлық қадағалау қатынастарына қатысушылар болып саналуы керек» деп тұжырымдайды.

Демек, прокурорлық қадағалау объектілеріне атқарушылық іс жүргізу саласына тығыз байланысты қызмет атқаратын мекемелер (ҚР Әділет министрлігі, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасына және оның өңірлік палаталары) және сот орындаушылары қабылдайтын шаралар мен шығарылған құқықтық актілердің заңдылығына тексеру жүргізу болса, субъектілеріне прокурор, тексерілетін жеке тұлғалар, және лауазымды адамдарды жатқызамыз.

Осылайша, ҚР-ның прокуратура органдары ҚР Әділет министрлігі, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасына және оның өңірлік палаталарына қадағалауды жүзеге асырады.

Атап өткен жөн, прокурорлық қадағалаудың шегі іс-шараның сипатына да байланысты болып табылады. ҚР Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы №60 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің, заңды күшіне енген сот актілерінің, атқарушылық іс жүргізу, азаматтық, әкімшілік істер бойынша және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдірудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі» Нұсқаулығының 57-тармағы, 2) тармақшасына сәйкес, егер сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу жөніндегі әрекеттері (әрекетсіздігі) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болса, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың жұмыс істеуіне кедергі келтірсе, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес прокурор атқарушылық құжатты сот орындаушысының іс жүргізуінен алып қоюға және оны тиісті әділет органына не аумағы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына басқа сот орындаушысына тапсыру үшін беруге құқылы [43].

Сондықтан, прокурор осы аталған мәселелерден басқа іс-әрекеттер жасаған жағдайда, оның өкілеттіліктерін асыру пайдалану деп пайымдауға болады.

Нормативтік актілер шеңбері бойынша. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру барысында қандай нормативтік құқықтық актілерге мән берген жөн екендігін ескеру қажет. Мысалы, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 4–бабына сәйкес [22], сот орындаушыларының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Біздің ойымызша, атқарушылық іс жүргізуге байланысты мәселелерді реттейтін заңнамаларға мыналарды жатқызуға болады:

1. ҚР Азаматтық кодексі [44].
2. ҚР Азаматтық-процестік кодексі [45].
3. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі [46].
4. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі [47].
5. ҚР Неке (ерлі–зайыптылық) және отбасы туралы кодексі [48].
6. ҚР Кедендік реттеу туралы кодексі [49].
7. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңы [22].
8. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңы [50].
9. «Төрелік туралы» ҚР Заңы және т.б. [51].

Осылайша, прокуратура органдары осы салада қадағалауды жүргізу барысында жоғарыдағы аталған нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып, заң бұзушылықтарды жоюға немесе алдын алуына негізгі құралы десек те қателеспейміз.

Сонымен қатар, кез-келген саладағы прокурорлық қадағалаудың мәні мен шектері прокурорлық қадағалаудың міндеттері мен бағыттарын нақтылаумен байланысты.

Біз ресей ғалымы В.Б. Ястребовтың пікірімен келісеміз, ол «қаралып отырған саладағы қадағалау міндеттері оның мемлекеттік-құқықтық мақсатымен және мемлекеттің құқық қорғау жүйесіндегі орнымен айқындалатын прокурорлық қадағалаудың жалпы міндеттеріне сүйене отырып тұжырымдалады» дейді [52, 10 бет].

Сонымен, сот орындаушыларының заңдарды орындалуын қадағалау жөніндегі прокуратура органдарының міндеттері олардың негізгі міндетінен туындайды, оған Қазақстан Республикасының Конституциясының сақталуын және Қазақстанда қолданылатын заңдардың орындалуын қадағалау кіреді.

Сот орындаушыларының заңдарды орындалуын прокурорлық қадағалауда басты міндеттерінің бірі атқарушылық іс жүргізу қозғалған сәттен бастап адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ сот орындаушыларының қабылдаған шешімдерінің заңдарға сәйкестігі болып табылады.

Сонымен қатар, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын кері пайдалануды және бұзуды болдырмау мақсатында сот орындаушылар азаматтар мен ұйымдардың құқықтарына нұқсан келтіруге жол бермеуге тиіс.

Осы орайда, зерттелетін прокурорлық қадағалаудың міндеттеріне сот орындаушылары қызметінің ведомстволық бақылауы бөлігінде прокурорлық қадағалауды күшейтуді және жетілдіруді жатқызу қажет.

Жоғарыда аталған міндеттер жеке сот орындаушылары палаталарына бақылау өкілеттіліктері берілгендігімен, бірақ көбінесе орындалмай, сот орындаушылар қызметінің төмендеуімен бұл саланы жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Біздің ойымызша, аталмыш саладағы прокурорлардың алдына қойған міндеттерге мыналарды жатқызуға болады:

- Қазақстан Республикасы аумағында сот актілерін және басқа да мемлекеттік органдардың актілерінің орындалу заңдылығын қамтамасыз ету;
- сот орындаушыларының қызметінде заңнама талаптарын сақталуын қамтамасыз ету;
- сот орындаушыларының қабылдаған шешімдерін заңдарға сәйкестігін қадағалау;
- сот орындаушылары қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- сот шешімдерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету;
- лауазымды тұлғалармен қолданыстағы заңнаманы бұзылуын дер кезінде анықтау;
- кінәлі лауазымды тұлғаларды заңмен белгіленген тәртіпте жауаптылыққа тарту;
- тараптардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерді қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- қолданыстағы заңнаманы бұзушылықтардан алдын алу және алдын алу іс-шараларын жүргізу арқылы ескерту.

А.Ю. Винокуровтың пікірінше, «сот орындаушыларының заңдарды орындауын прокурорлық қадағалаудың негізгі міндеті – олардың қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу шеңберіне тартылған жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады» [53, 352 бет].

И.С. Викторовтың пайымдауынша, «жоғарыда аталған міндеттерді толық деп санауға болмайды. Құқық қолдану практикасы, атап айтқанда, прокурорлар жүргізетін жоспарлы тексерулердің, сондай-ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне прокуратура органдарына келіп түсетін шағымдар мен өтініштер бойынша тексерулердің көлемі іс жүзінде күн сайын прокурорлардың алдына неғұрлым жеке сипаттағы барған сайын жаңа міндеттерді қояды. Мұндай міндеттерді шешудің жеделдігі мен

сауаттылығы нақты прокуратура деңгейінде де, айталық, аудандық буын деңгейінде де, прокуратура органдарының бүкіл жүйесі деңгейінде де қаралып отырған қадағалау саласындағы жалпы міндеттердің орындалу дәрежесін айқындап береді» [54, 214 бет].

Құқық қолдану практикасын талдау бізге сот орындаушыларының заңдарды орындауын қадағалаудың негізгі бағыттарын тұжырымдауға мүмкіндік береді:

– сот орындаушыларының сот актілерін мәжбүрлеп орындатуды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі заңдардың орындалуын қадағалау;

– әкімшілік іс жүргізу (әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау) кезінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарын орындауын қадағалау;

– сот орындаушыларының қызметі кезінде азаматтарға тыйымдар мен шектеулердің дұрыс қолдануын заңдылығын қадағалау;

– атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда және қабылдауда заң талаптарының орындалуын қадағалау;

– сот орындаушылардың белгілі бір әрекеттерге санкция алу кезінде заң талаптарының бұзылмауын қадағалау.

Мысалы, азаматтардың өтініштерінің жиіленуіне байланысты 11.12.2019жылғы № 2-010355-19-79653 хатымен ҚР Бас прокуратурасымен республика аумағында жеке сот орындаушыларының қызметіне тексеру жүргізіп, сондай-ақ коллекторлардың қызметіне талдау жасалды.

Алдын-ала талдаумен қарыздарды өндіру барысында коллекторлық агенттіктер азаматтардың құқықтарын бұзып, заңсыз әдістер қолданатындығы белгілі болған.

Сонымен қатар, тексеру және талдау нәтижелері бойынша коллекторлық агенттіктердің жеке сот орындаушыларымен бірлесіп берешектерді заңсыз өндіріп алу схемасы болғаны анықталған.

Бұл ретте, коллекторлар өздерінің үлестес тұлғаларына жеке сот орындаушыларының лицензиясын алып отырған.

Нәтижесінде олар арқылы берешекті өндіріп алу үшін жеке сот орындаушылар ақпараттық базасына (Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне) және шектеусіз құқықтық тетіктерге (мүлікке тыйым салу және сату, шығуға шектеу қою, банктік шоттарға қол жеткізу және басқалары) қол жеткізген.

Бұған қоса, сот орындаушыларының базасы мемлекеттік ақпараттық жүйе болып табылады, онда жеке сот орындаушыларының барлық атқарушылық әрекеттер жасайды. Онда тараптардың дербес деректері туралы мәліметтер бар, оған бөгде адамның кіруіне тыйым салынады.

Тек Алматы қаласында «өздерінің» жеке сот орындаушыларының электрондық цифрлік қолтаңба кілттерін пайдалана отырып, коллекторлар сот орындаушылар базасына 200 мыңнан астам кіріп, онда борышкерлер туралы мәліметтер жинаған. Мұндай әдістерді Алматы қаласының 35 коллекторлық агенттігі қолданған.

Жеке сот орындаушыларға берілген айырықша құқықтарды пайдалану мүмкіндігін бергені үшін жосықсыз сот орындаушылары ай сайын 250–300 мың теңгеге көлемінде сыйақы алып отырған.

Тексеру қорытындысына сәйкес, ҚР Бас Прокуратураның ұсынысы бойынша Республикалық Жеке сот орындаушылары палатасынан 18 сот орындаушысы шығарылды.

Аталған саннан 2 жеке сот орындаушысың лицензиялары күшін жойды, ал 1 лицензия тоқтатылды, қалғандары бойынша талап қою жұмыстары жалғасуда.

Бұл ретте, жүйелік әкімші олардың ақпараттық жүйеге кіруін бұғаттады [55].

Жоғарыдағылардың негізінде атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың қызметінде заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу қажет деп есептейміз.

Осылайша, атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалаудың нысанасы, объектілері және шектерін зерттеу келе мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Біздің ойымызша, «прокурорлық қадағалау»– мемлекет аумағында жоғары заңдылықты қамтамасыз етумен, кез-келген заң бұзушылықтарды жою және алдын алумен қатар, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда кепілгер күші бар дербес қызмет деп айтамыз.

2. «Прокурорлық қадағалау нысанасы» – «заң бұзушылықтарды және оған ықпал ететін жағдайларды анықтау, жолын кесу, жауаптылыққа тарту, алдын алу шараларын қабылдау» деп санаймыз.

3. «Прокурорлық қадағалау объектісі»– прокурорлық тексерулер жүргізілетін кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды және басқа да органдар, ал «субъектісі» прокурорлық қадағалау қатынастарына қатысушылар» деп айтамыз.

2.2. Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша прокурордың жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру.

Прокуратураның жұмысты жоспарлауы оның қызметін қамтамасыз етудің ұйымдастырушы бастауларының бірі болып табылады. Прокуратура органдарының жұмысты жоспарлауда тек ұйымдастырушылық мақсатта ғана

емес, сонымен бірге заңдылықты нығайтуда қабылданатын шаралардың мақсаттылығында болып табылады.

Ожеговтың түсіндірме сөздігіне қарағанда «ұйымдастыру» бұл: «ұйымдастыру, жүйелі, ойластырылған құрылғы, ішкі тәртіп» деп түсінік береді [56].

Ю.Е. Винокуровтың пікірінше, «ұйымдастыру деп – бір нәрсені ретке келтіру, тұтас элементтер арасындағы қажетті қатынастарды орнату» болып табылады [42, 76 бет].

Ә.М. Майтанов өз еңбегінде «прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі бірлік, орталықтандыру, тәуелсіздік, заңдылық және жариялылық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады» деп жазған болатын [57, 14 бет].

Осылайша, атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыруда прокурордың жұмысын жоспарлау маңызды болып табылады. Себебі, заң бұзушылықтардың жою немесе алдын алу бойынша прокурорлық қадағалау актілері секілді әсер ету тетігі болу қажет.

Прокурорлық қадағалаудың әрбір саласы бойынша оның жұмысын ұйымдастыру, алдына қойған міндеттерді іске асыру үшін прокуратура органдарының қызметкерлеріне берілген өкілеттіліктермен тығыз байланысты.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалау мәселелері ҚР Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы №60 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің, заңды күшіне енген сот актілерінің, атқарушылық іс жүргізу, азаматтық, әкімшілік істер бойынша және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдірудің

заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі» нұсқаулығымен реттеледі [43].

Сот шешімдерін орындау сатысында прокурорлық қадағалау шешімдердің уақытылы орындалуы мен заңдылығының кепілі болып табылады.

Бұл ретте, прокуроратқарушылық іс жүргізудің заңдылығында мүліктік өндіріп алу және мүлікті меншігіне айналдыру бөлігіндегі (қылмыстық айыппұлдар мен тәркілеуді қоспағанда) қылмыстық істер, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қадағалауды жүзеге асырады [43].

Прокурор атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында талдау немесе тексеру арқылы прокурорлық қадағалауды жүзеге асырады.

Заңдылықтың жай күйіне талдау жүргізу және тексеру тәртібі қағидалармен регламенттелген №60 Нұсқаулықта қамтылған.

Атап өткен жөн, біздің еліміздің аумағында заңдылықты сақтау бойынша прокурорлық қадағалаудың белгілі бір бағытын ұйымдастырудың ерекшелігі ақпараттық–аналитикалық жұмыста айқындалады.

Ю.Е. Винокуровтың пайымдауынша, «прокуратура органдарындағы ақпараттық-талдау жұмысын заңдардың орындалуы, анықталған бұзушылықтар туралы, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрестің жай-күйі, прокурорлық және тергеу практикасы туралы ақпаратты жинау, жинақтау және талдау жөніндегі қызмет ретінде түсінеді» [42, 78 бет].

С.И. Ожегов өзінің түсіндірме сөздігінде талдау деп «бір нәрсенің жеке жақтарын, қасиеттерін, құрамдас бөліктерін қарастыру арқылы зерттеу әдісі ретінде; жан-жақты талдау, қарастыру» деп анықтайды [56].

Қазіргі таңда, прокуратура органдары қызметкерлерінің тиімді құралының бірі – талдау болып табылады.


Сонымен, атқарушылық іс жүргізуде заңдылықтың жай-күйін талдауды прокурорлар субъектілерге бармай, заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат пен мәліметтерді жинау, оның ішінде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарға қол жеткізуді пайдалана отырып жүзеге асырады.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында қадағалауды жүзеге асыру мемлекет мүддесін қозғайтын, еңбекақыны өндіріп алу, алименттерді өндіріп алу туралы және прокурорлардың талап қоюлары бойынша атқарушылық құжаттарды мониторингілеу, талдау және тексеру жолымен қамтамасыз етіледі.

Прокуратура қызметкерлері талдау немесе тексеру жүргізу барысында сот орындаушыларының, әділет органдарының, республикалық және жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының қызметкерлерінен мәліметтерді, атқарушылық құжаттарды және түсініктемелерді алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтерін зерттеу бойынша республика бойынша прокуратура органдары тарапынан жүргізілген талдау және тексеру санын төмендегі диаграммадан байқауға болады [58].

№1 Диаграмма – Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық талдаулар мен тексерулер бойынша статистикалық мәлімет [58].



Жоғарыдағы статистикалық мәліметке сәйкес прокуратура органдарымен жүргізілген тексеруге қарағанда заңдылықтың жай-күйін талдау көп екенін байқауға болады.

Демек, сот орындаушылары тарапынан заң бұзушылықтар әлі де тиылмай отырғандығын, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда прокуратура органдарының рөлі маңызды екендігін ескерген жөн.

Атап өткен жөн, ең қызығы сот орындаушыларының қызметін бақылайтын әділет органдары, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы және сот секілді бірнеше органдар бар.

Алайда, оған қарамастан қазіргі таңда жеке сот орындаушылармен жиі заң бұзушылықтар орын алуда.

Ойланып қарасақ, бұл бақылаушы органдардың әлсіздігі ме? Әлде сот орындаушылары өздерінің жауаптылығын дұрыс сезінбеуінен бе?

Біздің ойымызша, нормативтік құқықтық актілерде сот орындаушыларының жауаптылығын одан әрі қатаңдату керек.

Осыған байланысты «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу қажет.

Атап айтқанда, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 144-бабы 1-тармағында жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату туралы негіздер көрсетілген. Олар:


- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 2) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болған не хабарсыз кетті деп танылған;
- 4) қайтыс болған;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9) 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

б) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда уәкілетті органның шешімімен жүзеге асырылады.

Аталған қолданыстағы редакцияға 1) тармағында 7) тармақшамен, атап айтқанда «прокурорлардың сот орындаушысының әрекеттеріне бір жыл ішінде бес реттен артық қадағалау актісі енгізілген жағдайда» деп толықтыру ұсынылады.[Қосымша 2]

Себебі, тәжірибеде прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексерумен енгізілген қадағалау актісі нәтижесімен сот орындаушылары тек тәртіптік жауаптылыққа тартылумен шектеліп, өздерінің қатаң жауаптылығын сезінбеу салдарынан заң бұзушылықтардың өсуіне әкеп соғады. Оған дәлел ретінде төмендегі статистикалық көрсеткіштерден алынған мәліметтерден байқауға болады.

№2 Диаграмма – Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық талдаулар мен тексерулер нәтижесі бойынша тәртіптік жауаптылыққа тартылған сот орындаушылары [58].



Осылайша, сот орындаушыларының жауаптылығын қатаңдату арқылы заң бұзушылықтардың төмендеуімен прокуратура органдары тарапынан талдаудың статистикалық көрсеткіштері төмендеуіне алып келуін болжамдауға болады.

Жалпы атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалауда бірнеше негізгі бағыттары бар. Мысалы, олар мемлекет пайдасына ақшаны өндіру, еңбекақыны өндіріп алу және алименттерді өндіріп алу. Осылардың әр қайсысын егжей-тегжейлі қарап өтейік.

Мемлекет пайдасына. Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар пайдасына, бюджетке келтірілген залалды өтеу, әкімшілік айыппұлдарды өндіру, әкімшілік істер бойынша мүлікті тәркілеу мемлекет пайдасына ақшаны өндіру санатындағы атқарушылық құжаттарға жатады. Мысалы, күнделікті өмірде әрбір адам жол қозғаласының қатысушы болып табылатын, біреуі жүргізуші болса, екіншісі жаяу жүргінші.

Мәселен, әрбір қатысушы жол жүрісі ережесін бұзған жағдайда оған ішкі істер органдары тарапынан айыппұл салынады.

Бұл ретте, азаматтардың айыппұлды уақытылы төлемеуі салдарынан жеке сот орындаушысына мәжбүрлеп орындауға түсіп, онымен берешегі бар азаматқа қатысты банктік есеп-шоттары секілді атқарушылық әрекеттер қолданылады.

Көп жағдайда, мемлекет пайдасына ақшаны өндіру санаты бойынша сот орындаушылары тарапынан дер кезінде нақты шаралар қабылданбау салдарынан мемлекетке залал келтіруге әкеп соғады. Мысалы, сот орындаушылары тарапынан жиі кездесетін заң бұзушылықтардың бірі ол үш күн ішінде атқарушылық іс жүргізуді қозғамау және екі ай мерзімде атқарушылық құжатты аяқтамау болып табылады.

Мәселен, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылары мәртебесі туралы» Заңының 37-бабының 4-тармағына сәйкес, сот орындаушысы заңда

белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл жөнінде қаулы шығарады, оны борышкерге жібереді.

Бұл ретте, жеке сот орындаушысы өндіріп алушымен атқарушылық құжаттың орындалу шарттары туралы келісім (шарт) жасасады, осы Заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде осы Заңда көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйелері арқылы тексеру жолымен борышкерге қатысты өзге де атқарушылық іс жүргізудің бар-жоғын анықтайды, ол анықталған жағдайда өндіріп алушыға хабарлайды және осы Заңға сәйкес оның талаптарын қанағаттандырудың кезектілік тәртібін түсіндіреді.


Осы баптың 2-тармағында атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі нақты шаралар көрсетілген. Мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, сондай-ақ заңнамалық актілермен орындаудың өзгеше мерзімдері белгіленгеннен басқа жағдайларда, атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтындай мерзімде аяқталуға тиіс (Заңының 39-бабының 1-тармағы) [22].

Атап өткен жөн, тәжірибеде прокуратура органдарымен көп жағдайда бұл мерзімдергеаса мән берілмей, талдау жүргізу арқылы елеулі заң бұзушылықтарды анықтаумен шектеледі.


Алайда, осы заң бұзушылықтарға мән бермеу салдарынан мемлекет пайдасына ақшаны өндіру санатындағы атқарушылық құжаттардың күн сайын өсуіне алып келуде.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасынан алынған статистикалық мәліметтерінен байқауға болады [58].

№3 Диаграмма – Мемлекет пайдасына өндіру санатындағы атқарушылық құжаттар бойынша [58].



№4 Диаграмма –Атқарушылық құжаттардың орындауда қалған саны [58].



№4 – Диаграммаға қарағанда, мемлекет пайдасына өндірілмей қалған атқарушылық құжаттардың саны көп екенін байқауға болады. Сондай-ақ, осы санаттағы атқарушылық құжаттар бойынша күн сайын кемінде 100-ге жуық атқарушылық құжаттар орындауға түсетіндігін ұмытпаған абзал.

Сонымен қатар, қазіргі таңда прокуратура органдарында ең басты проблемалардың бірі қадағалау актілері негізінде өндірілген суммалар бойынша түбіртектерді жинап, есептік базаға енгізу болып табылады.

Бұл ретте, мыңдаған атқарушылық құжаттың түбіртегін жинап, оны есептеу прокурордың жұмыс уақытын алып, қадағалауын әлсіретеді деп айтсақта қателеспейміз.

Атап өткен жөн, әрбір сот орындаушысы атқарушылық құжат аяқталғаннан кейін «Атқарушылық іс жүргізу органдарының

автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне» оның аяқталғаны жөнінде көрсетеді.

Демек, түбіртек жинап оны есептеп, прокурор үшін екі жұмыс болып табылады. Осының салдарынан қадағалау актілерінің сапасы төмендеп, азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдарды қарау нәтижесіз болып табылады деп айтсақта қателеспейміз.

Осыған орай, прокурорлық қадағалауды жетілдіру және сапалы жүргізу мақсатында түбіртек жинауды алып тастап, тек уәкілетті органнан (ҚР Әділет министрлігі немесе ҚР Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы) алынған жауап хатын енгізу қажет деп санаймыз.

Бұған қоса, мемлекет пайдасына ақшаны өндіру бойынша атқарушылық құжаттардың орындау мерзімі бұзылмау үшін екі аяқталуға жақындағанда сот орындаушысы тарапынан прокурорға проблемалық атқарушылық құжаттар бойынша анықтама ретінде (атқарушылық құжаттың перспективасын қамтитын) хабарлама жіберу қажет деп санаймыз.


Жалақы өндіру. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 111-бабына сәйкес бірінші кезекте алименттерді өндіріп алу бойынша талаптар, жарақат алудан немесе денсаулығын өзге де зақымдаудан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу жөніндегі талаптар, қызметкерлердің еңбектегі құқық қатынастарынан туындайтын талаптары қанағаттандырылады [22].

Атап өткен жөн, жалақы өндіру санатындағы атқарушылық құжаттар прокуратура органдарының қадағалауды жүргізуде негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Себебі, жалақыны уақытылы алуда адам мен азаматтардың құқықтарын қорғау және осы проблемалардың туындайтын елімізде саяси ахуалдың тұрақсыздығына жол бермеу маңызды болып табылады.

Тәжірибеде прокуратура органдары осы санаттағы атқарушылық құжаттарға мониторинг жүргізуде орын алған көптеген заң бұзушылықтармен жиі кездеседі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасынан алынған статистикалық мәліметтерінен байқауға болады [58].

№5 Диаграмма –Жалақы өндіру санатындағы атқарушылық құжаттар бойынша [58].



№5 Диаграммаға қарағанда, 2019 жылмен салыстырғанда 2020 және 2021 жылдары прокуратура органдарымен тексерулер мүлдем жүргізілмегендігін байқауға болады.

Демек, прокуратура органдары тарапынан жалақы өндіру санатындағы атқарушылық құжаттар жоғарыда аталған жылдары қадағалау назардан тыс қалғандығын байқауға болады.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеуде көбінесе осы санаттағы атқарушылық құжаттар бойынша «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 68-бабының талаптары бұзылу фактілері көп орын алатыны байқадық.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 68-бабына сәйкес [22], сот орындаушысы мүлікке тыйым салынған және борышкерге мүліктің тиесілі екені анықталған кезден бастап он жұмыс күні ішінде:

- бағалаушыны өз бетінше тағайындау;
- атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің ұсынысы бойынша бағалаушыны тағайындау;
- атқарушылық іс жүргізу тараптарының біріне борышкердің мүлкін бағалауды жүргізу туралы тапсырма беру арқылы бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады. Сонымен бірге, борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтің ақысын төлеу атқарушылық іс жүргізу тараптарына жүктеледі және кейіннен борышкердің есебінен өтеледі [22].

Алайда, аталған Заң талаптары жеке сот орындаушылары тарапынан сақталмай, атқару құжатының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар толығымен қабылданбайды. Мысалы, 02.07.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының жеке сот орындаушысы Е. борышкер «СТ» ЖШС-нен өндіріп алушы Д. пайдасына 1 097 117 теңге жалақы өндіру туралы атқарушылық өндіріс қозғалған.

Өз кезегінде, прокуратура органдарымен арнайы жүйелер арқылы тексеру барысында «СТ» ЖШС-нің иелігінде жер учаскесі, ТСЗИЛ, ТСМАЗ КС және ТСКАМАЗ автокөліктері бар екендігі анықталды.

Дәл осы тектес, 30.01.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының жеке сот орындаушысы Р. борышкер «ОС» ЖШС-нен өндіріп алушы Р. пайдасына 1 827 551 теңгені жалақы өндіру туралы атқарушылық өндіріс қозғалған.

Алайда, прокурормен арнайы жүйелер арқылы тексеру барысында «ОС» ЖШС-нің иелігінде жер учаскесі және LB TCWODE П/ПРИЦЕП жылжыйтын және жылжымайтын мүлкі бар екендігі анықталды. Бұған қарамастан, аталмыш атқарушылық құжат екі жылдан астам орындалмай, түпкілікті нәтижеге қол жеткізіп, оның өндірілуіне жеке сот орындаушысы тарапынан ынта жоқ екендігі байқалған.

Нәтижесінде, Нұр-Сұлтан қаласының Есіл ауданы прокуратурасымен жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына ұсыну жолданып, заң бұзушылықтарға жол берген жеке сот орындаушылары тәртіптік жауаптылыққа тартылған.

Осылайша, статистикалық мәліметтер мен жеке сот орындаушылары тарапынан жиі орын алатын заң бұзушылықтарды зерттеумен, осы саладағы прокурорлық қадағалауды жетілдіру қажет екендігін көрсетті.

Демек, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 68-бабының 1-тармағына сәйкес сот орындаушысы мүлікке тыйым салынған және борышкерге мүліктің тиесілі екені анықталған кезден бастап он жұмыс күні ішінде:

– бағалаушыны өз бетінше тағайындау;

– атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің ұсынысы бойынша бағалаушыны тағайындау;

– атқарушылық іс жүргізу тараптарының біріне борышкердің мүлкін бағалауды жүргізу туралы тапсырма беруі арқылы бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады.

Борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтің ақысын төлеу атқарушылық іс жүргізу тараптарына жүктеледі және кейіннен борышкердің есебінен өтеледі [22].

Бұл ретте, жеке сот орындаушыларының өкілеттілігін кеңейту және олардың жұмысын жылдамдату мақсатында осы баптың 1-тармағының бесінші абзацпен, атап айтқанда «тиісті лицензия болған кезде сот орындаушысы тыйым салынған мүліктің нарықтық құнын дербес бағалауға және айқындауға құқылы» деп толықтыруды ұсынамыз. [Қосымша 2]

Сонымен қатар, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 74-бабының 1-тармағына сәйкес, айналымнан заң бойынша алып қойылған мүліктен басқа, тыйым салынған мүлікті өткізуді тыйым салу негіздеріне және осы Заңның 77-бабының 3-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, мүлік түрлеріне қарамастан, сот орындаушысы электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бірыңғай электрондық сауда алаңында не бірыңғай электрондық сауда алаңында жүргізеді, оны таңдауды Республикалық палата уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады [22].

Осы орайда, жеке сот орындаушыларымен тыйым салынған мүлікті сату кезінде азаматтардың құқықтары және олардың бұл әрекеттермен хабардар болуы абзал.

Бұл ретте, осы бапты 1-1 тармағымен, атап айтқанда сот орындаушысы сатып алу-сату шартын жасасқанға дейін өндіріп алушы мен борышкерді

аукцион қорытындыларымен тиісінше хабардар етуге және таныстыруға міндетті деп толықтыру ұсынылады [Қосымша 2].

Осылайша, Заңға өзгерістер енгізу арқылы сот орындаушылардың құқықтары мен міндеттерін кеңейтіп, олардың жауаптылығын көтеру қажет деп есептейміз.

Алимент өндіру. Жалпы неке және отбасы Заңнамасының практикасы мен мемлекетеміздегі алименттерді өндіріп алу динамикасы көрсетіп отырғандай, алименттерді алуға құқығы бар балалардың барлығы бірдей оны жүзеге асыра алмайды.

Осы ретте, басты проблемалардың бірі алимент төлеуден қасақана жалтару, табыс көздері мен мөлшерін жасыру және борышкердің жауапсыздығы болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдарымен бағдарламалар немесе іс-шаралар ұйымдастырылғанымен алимент санатындағы атқарушылық құжаттарды азайту мүмкін болмай отыр.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Алимент төлемеуге 30 қадам» жобасын әзірлеп, оның аясында қамқоршылық институтын құру, мемлекеттік алимент қорын құру, жүргізуші куәлігін алып қою және т.б. шектеулер жоспарланған болатын.

Нәтижесінде, әдістемелік ұсынымдар дайындалды, сот орындаушыларының сұраныстарын өңдеу кезінде деректер базасының жұмыс істеу проблемалары жойылды және борышкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері жөніндегі материалдарды жіберу тәжірибесі айқындалды.

Алайда, атқарылған шаралармен бүгінгі күнге дейін алимент санатындағы атқарушылық құжаттардың санын азайту және балалардың құқықтарын қорғау проблемалары өз шешімін тапқан жоқ.

Осы орайда, шетелдік тәжірибелер зерттей отырып АҚШ, Франция, Латвия, Испания және т.б. елдердің алиментпен күресудің тиімді механизмін айқындадық.

Мысалы, АҚШ елінде алимент бойынша борышкерлер автомобильдерге блокаторлар қояды екен. Көк – егер ол ұлына, қызыл – қызына төлемесе. Егер 2,5 мың доллар қарыз болса, олар АҚШ азаматының төлқұжатын алады [59].

Сонымен қатар, Латвия мемлекетінде алименттерді ай сайын аударуды балаларды күтіп-бағуға арналған қаражаттың кепілдік берілген Қоры жүзеге асырады. Егер ата-ана ақшалай төлемдер туралы сот шешімін орындамаса, қор ақша төлейді. Мемлекеттік алимент елдегі ең төменгі жалақыға байланысты белгіленген [59].

Франция мемлекетінде некені бұзу көп ақша талап етеді. Бұл туралы адвокаттың ажырасу, жылжымайтын мүлікті бөлу, өтемақы және алимент төлеу кезінде сотта өкілдік ету үшін төленетін ақысы болып табылады. Балаларды қолдау жұбайының табысына және оның кінәсінің дәрежесіне байланысты. Сондай-ақ, оларды бір реттік сыйлықақымен төлеуге болады [59].

Бұған қоса, Испания мемлекетінде судья әрбір жағдайда алимент мөлшерін әр жұбайдың материалдық жағдайына, сондай-ақ ажырасу кезіндегі балалардың өмір сүру деңгейіне қарай белгілейді. Ажырасу олардың біреуінің экономикалық жағдайына айтарлықтай әсер еткен жағдайда, бір жұбайдың екіншісіне өтемақы төлемдері жүргізілуі мүмкін. Оларды тағайындау кезінде судья бұрынғы ерлі-зайыптылардың жасы, денсаулығы, неке ұзақтығы, олардың кәсіби біліктілігі сияқты факторларды ескереді [59].

Жоғарыдағы тәжірибені біздің елімізге енгізу алимент санын азайтуға және балалардың өмір сүруіне деген қолдау болып табылады деп есептейміз.

Жалпы, еліміздегі алимент санатындағы атқарушылық құжаттардың орындалмауын бірнеше себептерге бөліп қарастыруға болады:

– жеке сот орындаушыларының орындауында атқарушылық құжаттардың көптігі;

– жеке сот орындаушыларының осы санаттағы атқарушылық құжаттарды елемей, өз пайдасы үшін үлкен сомадағы өндірістерді орындауы;

– жеке сот орындаушыларының атқару парағын жоғалту фактілерінің жиі орын алуы;

– алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерді іздестірудің тиімсіздігі;

– еліміздегі алимент бойынша нақты ресми берешектің статистикасының жоқтығы;

– борышкерлердің өз кірістерін қасақана жасыруы;


– сот орындаушылардың борышкерге қатысты әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы бойынша мәселені көтермеуі және т.б.

Бұған қоса, осы санаттағы прокурорлық қадағалаудың қиыншылығы атқарушылық құжаттардың саны мен берешек сомасының нақты статистикалық мәліметінің болмауы.

Прокурор тек сұрау салу арқылы әрбір сот орындаушысының өндірісіндегі атқарушылық құжаттарға талдау жасап, баға беріп отырады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтерін төмендегі диаграммада көрсетілген [58].

№6 Диаграмма – Алимент санатындағы атқарушылық құжаттар бойынша прокурорлық қадағалау [58].



Статистикалық мәліметтерге көз салсақ, прокурормен сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық фактілерінің аздығы, борышкерлерді жауаптылыққа тарту мәселесін жетілдіруді көздеп отыр.

Еске салайық, ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабында балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару көзделген [60].

Жаза ретінде алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған.

Статистика көрсеткендей, аталған санаттағы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық фактілерінің аздығы жеке сот орындаушылары тарапынан толық әрекеттер жүргізілмеу салдарынан.

Сонымен қатар, құқық қолдануда ең басты проблемалардың болып жеке сот орындаушыларының борышкерлерді әкімшілік жауаптылыққа тарту болып табылады. Мәселен, жеке сот орындаушылар борышкерді әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін мемлекеттік сот орындаушыларға жүгіну арқылы сотқа жіберіледі.

Бұл ретте, әрбір атқарушылық құжат бойынша мемлекеттік сот орындаушыға жүгіну оның қызметінің сапасының төмендеуіне және уақыт алуына алып келеді.

Бірақта, қазіргі таңда құқық қолдануда прокуратура органдары өздері алимент төлеуге құлықсыз, берешегі бар борышкерлерді шақырып, түсінік алу нәтижесімен қаулы шығарып сотқа жолдауды тәжірибеге айналдырған.

Атап өткен жөн, алимент төлеуге құлықсыз борышкерлерді «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 669-бабының 1-бөлігімен жауаптылыққа тартады.

Осы ретте, ойландыратын нәрсе сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға санкциясы көзделген.

Алайда, сот құқықбұзушыға қатысты айыппұл тағайындаған жағдайда, алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкер айыппұлдыда төлемей мемлекет пайдасына ақша өндіру бойынша тағы бір атқарушылық құжатқа айналатыны сөзсіз.

Осыған байланысты, «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер енгізу қажет.

Қолданыстағы редакцияға сәйкес «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 669-бабының 1-бөлігінде сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау – жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке

дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді [47].

Бұл ретте, осы бапты 1-1 бөлігімен, атап айтқанда «алимент санатындағы сот шешімін орындамаған борышкерлерге он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамауға алып келеді» деп толықтыруды ұсынамыз. [Қосымша 2]

Осылайша, борышкерлердің жауаптылығын қатаңдату арқылы олардың ата-аналық жауапкершілігін сездіру мақсатында заңнамаларға өзгерістер енгізу керек деп санаймыз.

Сонымен қатар, көп жағдайда прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексеру нәтижесімен жолданған ұсынуларға уәкілетті органдар тарапынан нәтижесіз жауаптар беріледі. Мысалы, ұсыну бөлігінде қойылған сұрақтардың толық қамтылмауы немесе кінәлі тұлғалардың тәртіптік жауаптылығы.

Бұл ретте, «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес, заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілері олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті. Заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілерін қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді [21].

Бірақ та, «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, ұсынуды лауазымды адам немесе орган – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі

үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде заңдылықтың онда көрсетілген бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып қарауға тиіс [21].

Алайда, бұл нормада прокурордың ұсынуы қарауға тиіс деп жазылып, оның орындау міндеттілігі айқындалмаған.

Осы ретте, зерттей келе қаулы, нұсқау секілді прокурорлық актілерде орындауға міндетті сөзі айқын көрінісін табуға болады.

Құқық қолдануда көбінесе уәкілетті органдар ұсынуды сипатына қарай қарайды деп ұсыным білдіреміз.

Алайда, «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 23-бабының 2-тармағында қадағалау актілерінің қаралу және орындау міндеттілігі нақты жазылған.

Сонымен қатар, «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығында, Заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілерін олар жіберілген органдар, ұйымдар және лауазымды адамдар қарауға және орындауға міндетті [43].

Бұл ретте, Заңнамада анықталған кемшіліктер салдарынан құқық қолдануда проблемалық мәселелер туындайды. Кейбір азаматтар ұсыну тек қаралуға тиіс деп саналса басқалары қараумен қатар орындауға міндетті деп түсіну қаупі бар.

Осыған орай, прокурорлық қадағалауды жетілдіру мақсатында «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 27-бабының 2-тармағының бірінші абзацы «ұсынуды лауазымды адам немесе орган – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде заңдылықтың онда көрсетілген бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып қарауға және орындауға міндетті деп толықтыруды ұсынамыз.

Прокурордың санкциялауы. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217–VI ҚР Заңымен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске түзетулер енгізілген болатын [61].

Өзгерістердің бір бөлігі прокуратура органдарына да қатысты. Өкілеттіктерді қайта бөлу кезінде сот орындаушыларының қаулыларын санкциялау жөніндегі кейбір функцияларды прокурорларға беру туралы мәселе кездейсоқ туындаған жоқ.

Мысалы, борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;

– борышкердің өзінде не өзге жеке немесе заңды тұлғаларда тұрған жылжымайтын мүлкін алып қою;

– құқық белгілейтін құжаттарды алып қою және т.б.

Бұл ретте, прокуратура органдарында ең басты проблемалардың бірі болып күніне келіп түсетін санкциялардың ауқымдылығы.

Мәселен, көбінесе аудандық немесе оларға теңестірілген қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралардың қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінде атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында тек бір прокурор қадағалауды жүзеге асырады.

Осы орайда, күніне шамамен 400-ден астам санкциялауға құжаттар түссе, қадағалауды жүргізетін прокурордың бұдан бөлек талдаулары, тексерулері немесе жоғары тұрған органнан тапсырма хаттары бар.

Бұл ретте, физикалық тұрғыдан әрбір санкцияның дұрыстығын зерделеп қарау және оны уақытылы санкциялау мүмкін болмауы қазіргі таңда проблемалардың қатарында.

Осы орайда, аудандық немесе оларға теңестірілген прокуратураларда қосымша бір прокурорды тек санкциялаумен арыз-шағымға міндеттеу керек.

Себебі, әрбір санкцияның сапасыз берілуі азаматтардың құқықтарының бұзылуына немесе қоғамдық саяси ахуалдың тұрақсыздығына да әкеп соғуы мүмкін.

Сонымен қатар, осы саладағы прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыру, қадағалау қызметін басқаруды (басшылықты) жетілдірумен байланысты болып табылады. Осы ретте мынадай бағыттарды бөлуге болады:

- төмен тұрған прокурорлар жол берген жұмыстағы кемшіліктерді уақтылы анықтау және жою;
- әдістемелік ұсыныстарды жетілдіру ;
- қадағалау қызметін уақтылы талдау және жеткізу;
- тәжірибе алмасу бойынша жұмысты жетілдіру;
- құқық бұзушылықтардың уақтылы алдын алу.

В.Д. Ломовскийдің пікірінше, «... прокурорлық қадағалаудың шегіне сандық көзқараспен ғана ол бозғылт, түсініксіз болып қалады, бұл белгісіз мөлшерде ериді, әрдайым өзгеру мүмкіндігі бар, іс жүзінде белгісіз бақылау қызметіне айналады... Прокурорлық қадағалаудың сапалы шекаралары маңызды... Прокурорлық қадағалаудың сапалық шекаралары оның мәнін, болмысын, оны іс жүзінде жүзеге асыруды анықтау үшін маңызды. Прокурорлық қадағалаудың сапалы шекаралары ғана оның мәнін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді» [17, 36 бет].

Осылайша, В.Д. Ломовскийдің пікірімен келісе отыра, біз прокурорлық қадағалаудың сапалы болуы өте маңызды екендігін, оның әрбір қасиеті қадағалауды жүзеге асыратын органның келбеті деп айтсақ болады.

Сонымен қатар, прокурорлық қадағалауды жетілдірудің тағы бір мәселелері ол:

- басқа құқық қорғау органдарымен бірлескен тексерулер жүргізу;

- әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану;
- прокурорлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру;
- прокурорлық ықпал ету әдістерін жетілдіру;
- прокурорлық қадағалау актілерін енгізу тәртібін жетілдіру;
- прокурорлық қадағалау актілерінің сапасын жетілдіру болып табылады.

Жоғарыдағылардың негізінде Заңнамалар бір орнында тұрмайды деген қорытындыға келуге болады. Себебі, тиімді болу үшін үнемі дами отыра, атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалауда туындайтын белгілі бір проблемаларға жауап беріп, қадағалаудың әртүрлі нысандары мен әдістерін тудыруы керек.

Бұл ретте, зерттеуде «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, «Прокуратура туралы» ҚР Заңы, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы осы саладағы қадағалауды жетілдіруде маңызды рөл атқаратыны айқын көрініс тапты.

Сонымен қатар, алимент өндіру санатындағы атқарушылық құжаттар бойынша дамыған мемлекеттердің оң тәжірибесі біздің Заңнамада пайдалана отырып, балалардың құқықтарын қорғаумен олардың мемлекетемізде бақытты өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға болады.

Сондай-ақ, зерттеумен аудандық және оған теңестірілген прокуратураларында қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың жұмысының ауқымдылығына орай олардың штат санын қосу қажеттілігін көрсетті.

Біздің ойымызша болашақта осы саладағы заңдылықтың сақталуы жоғары деңгейде болу керек деп санаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Атқарушылық іс жүргізу заңдылығында прокурорлық қадағалауды жетілдіруге байланысты жұмыста қойылған негізгі проблемалық мәселелердің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеу мынадай қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сонымен, «прокурорлық қадағалау» – мемлекет аумағында жоғары заңдылықты қамтамасыз етумен, кез-келген заң бұзушылықтарды жою және алдын алумен қатар, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда кепілгер күші бар дербес қызмет деп айтамыз.

Бұл ретте, атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың шегі деп атқарушылық іс жүргізу субъектілерінің қызметін реттейтін Заңдар мен Заңға тәуелді актілер, сондай-ақ аталған құқықтық қатынастар саласын регламенттейтін өзге де құқықтық актілер болып табылады.

Сонымен бірге, зерттеумен атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау бойынша қолданыстағы Заңнама нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі байқалды.

Осы орайда, прокуратура органдарымен жүргізілген тексерулер мен талдаулар нәтижесімен заң бұзушылықтарға жол берген сот орындаушыларына тәртіптік жауаптылық шарасының әсер ету тетігінің тиімсіз болуына байланысты, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 144-бабы 1-тармағында 7) тармақшамен жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату туралы негіздері бірі ретінде «прокурорлардың сот орындаушысының әрекеттеріне бір жыл ішінде бес реттен артық қадағалау актісі енгізілген жағдайда» деп толықтыру қажет.

Себебі, тәжірибеде прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексерумен енгізілген қадағалау актісі нәтижесімен сот орындаушылары тек

тәртіптік жауаптылыққа тартылумен шектеліп, өздерінің қатаң жауаптылығын сезінбеу салдарынан заң бұзушылықтардың өсуіне әкеп соғады. Оған дәлел ретінде статистикалық көрсеткіштерден алынған мәліметтерден байқауға болады.

Сонымен қатар, елімізде алимент төлеуге құлықсыз борышкерлердің саны өсуде. Олар сот шешімдерін орындаудан жалтарып, балаларға алимент төлеуден ат тонын ала қашып, оларға жағдай жасауды қамтамасыз етпейді.

Көп жағдайда, азаматтарға қатысты «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодесінің 669-бабының 1-бөлігі қолданылғанымен, олар айыппұлмен шектеледі. Атап өткен жөн, миллиондаған қарызы бар борышкер ол айыппұлды төлеуге де ниеті болмайды.

Осыған орай, «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодесінің 669-бабын 1-1 бөлігімен, атап айтқанда «алимент санатындағы сот шешімін орындамаған борышкерлерге он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамауға алып келеді» деп толықтыру қажет.

Бұдан бөлек, көп жағдайда прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексеру нәтижесімен жолданған ұсынуларға уәкілетті органдар тарапынан нәтижесіз жауаптар беріледі, оған себеп ретінде ұсынудың орындалу міндеттілігінің болмауы.

Осыған орай, прокурорлық қадағалауды жетілдіру мақсатында «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 27-бабының 2-тармағының бірінші абзацы «ұсынуды лауазымды адам немесе орган – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде заңдылықтың онда көрсетілген бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып қарауға және орындауға міндетті деп толықтыру қажет.

Сонымен қатар, прокурорлық қадағалауды жетілдіру және сапалы жүргізу мақсатында есептік мерзімде түбіртек жинауды алып тастап, тек уәкілетті органның (ҚР Әділет министрлігі немесе ҚР Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы) жауап хатын растайтын құжат ретінде ақпараттық жүйеге енгізу қажет.

Себебі, мемлекет пайдасына, жалақы өндіру, алимент өндіру санатындағы түбіртектерді жинау біріншіден физикалық тұрғыдан, екіншіден қадағалаудың назардан тыс қалатыны сөзсіз.

Мысалы, мемлекет пайдасына 22000000 теңге өндірілген жағдайда әрбір айыппұл бойынша түбіртекті жинау және оны жүйеге салу біраз уақытты қажет етеді.

Осы саладағы шет мемлекеттерінің жұмыстарын зерттеумен бірқатар оңды тәжірибелерді алуға болады. Мысалы, Латвия мемлекетінде алименттерді ай сайын аударуды балаларды күтіп-бағуға арналған қаражаттың кепілдік берілген қоры жүзеге асырады. Егер ата-ана ақшалай төлемдер туралы сот шешімін орындамаса, қор ақша төлейді. Мемлекеттік алимент елдегі ең төменгі жалақыға байланысты болып табылады. Осы тәжірибені елімізде қолдану, балалардың киім-кешекпен немесе басқа да оқу-құралдарымен қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Ресей Федерациясының тәжірибесіндей сот актілерін орындауда күштік қолдау көрсетіп, соттарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ҚР Әділет министрлігі жанында сот приставы институтын құру болып табылады.

Сот орындаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйден шығару санатындағы атқарушылық құжаттарды орындауды жүзеге асырмас бұрын кезекші прокурорды хабардар етіп, сот шешімін орындауға арнайы топ құру (кезекші прокурор, полиция қызметкерлері, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметкерлері, психолог) тиімді болады.

Осылайша, елімізде атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалауды жетілдіруде тиімді технологияларды кезең-кезеңімен енгізуді және Заңнамаларды жетілдіру арқылы мақсаттарды іске асыруды батыл әрі дәйекті қадамдарды талап етеді.

Әрине, бұл саланың өзіндік проблемалары жеткілікті, осыған байланысты магистрлік диссертация аясында жүргізілген зерттеулер барлық мүмкін болатын жауаптар мен проблемалық сұрақтарды шешу жолдарымен шектелмейді, бұл осы саладағы терең зерттеулерді жалғастыру қажет екендігін көрсетеді.

Жалпы, осы магистрлік диссертацияның нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалауда өзінің практикалық қолданысын таба алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (дата обращения 01.01.2022).

2. В Мажилесе обсудили вопросы совершенствования защиты прав сторон в исполнительном производстве [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36908589&pos=4;-110#pos=4;-110 (дата обращения 13.03.2022).

3. Совершенствование защиты прав сторон в исполнительном производстве. Проблемы и пути решения. [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: <https://gurk.kz/news/sovershenstvovanie-zashhity-prav-storon-v-ispolnitelnom-proizvodstve-problemy-i-puti-resheniya> (дата обращения 13.03.2022).

4. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау курсы // Сейтқазықызы М. - Алматы, 2006. – 128 бет,

5. Прокурорский надзор в 2 т. Том 1. Общая часть: учебник для бакалавриата и специалитета / под общей редакцией О. С. Капинус. — 4-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2018. С 30.

6. Прокурорский надзор: учебник / под ред. Бессарабов В.Г. – М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2006. – 536 стр.

7. Веретенников В.И. Очерки истории генерал-прокуратуры в России доекатерининского времени.:Харьков -1915.- стр.27.

8. Нарикбаев М.С. От наших великих биев до Верховного Суда, (к вопросу о деградации суда биев в XIX в.). Алматы, «Атамұра», 2000г. – стр. 6-52.

9. Прокурорский надзор в Республики Казахстан: (конспект лекций) / под ред. Мухамеджанова Э.Б.: Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 152 стр.
10. Кутафин О.Е. Предисловие // Звягенцев А.Г., Орлов Ю.Г. Оно государево. Российские прокуроры XVIII век. – М., 1994. – стр.6.
11. Уложение «Учреждения для управления губернией» 1775 г. [Электронный ресурс] // Гарант: информационно-правовое обеспечение. – Электрон.дан. – М., 2020 – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchrezhdeniya-dlya-upravleniya-guberniy-1775-fragmenty-teksta-dokumenta> (дата обращения 13.03.2022).
12. Кони А.Ф. Собрание сочинений. в 8 т. – М., Юрид. Лит., 1968. – Т.5. – стр.7.
13. Прокурорский надзор в Российской Федерации: вопросы Общей части: Учебное пособие / Воронин О.В. - Томск: Изд-во НТЛ, 2007. – 192 стр.
14. Прокурорский надзор: учебник / под ред. Н.В. Ласкина. – М.: изд-во Юстицинформ., 2012. – 173 стр.
15. Прокурорский надзор в Республики Казахстан: Учебник / под ред. Журсимбаева С.К.: Алматы: Издание третье. 2020. – 336 стр.
16. Российское законодательство X—XX в.: В 9 т. / Под общ.ред. О. И. Чистякова. Т. 4. М., 1986, Т. 8. М., 1991.
17. Проблемы современной концепции прокурорского надзора // Научная информация по вопросам борьбы с преступностью. № 117–118. – 1989. – С. 36–37.
18. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау»: Оқулық. / под ред. М.С. Нәрікбаев, Ғ.Қ. Өтебаев, М.М. Әлиев.: «Әділет» Республикалық ғылыми-білім орталығы ЖШС, Астана, 2005. – 396 бет.
19. «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 ҚРЗ заңы. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных

правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002709> (дата обращения 13.03.2022).

20. М.А. Мынбаев. Прокурорлық қадағалау актілерімен азаматтардың еңбек құқықтарын қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңдегі прокуратура органдарының құқық қорғау қызметі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 23-24 қараша 2004ж. Алматы.: ДП Эдельфейс, 2005. – 416 б.

21. «Прокуратура туралы» ҚР 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ Заңы. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000081> (дата обращения 13.03.2022).

22. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_ (дата обращения 13.03.2022).

23. «О прокуратуре Российской Федерации от 17.11.1995 года №168-ФЗ. [Электронный ресурс]// официальный интернет-портал правовой информации» – Режим доступа: <http://pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody&nd=102014157> (дата обращения 13.03.2022).

24. См: Анализ судебной практики, связанной с рассмотрением жалоб на действия и решения прокуроров в сфере исполнительного производства (постановление Верховного Суда РФ от 24.10.2016 № 51-АД16-2, определение Верховного Суда РФ от 08.04.2015 № 84- КГ15-2).

25. Убийство 5 человек в Алматы судoisполнителя. [Электронный ресурс] // международное информационное агенство – Режим доступа: <https://www.inform.kz/ru/ubiystvo-5-chelovek-v-almaty-respublikanskaya-palata->

chastnyh-sudebnyh-ispolniteley-poyasnila-detali-tragedii_a3838833 (дата обращения 13.03.2022).

26. См.: Авакян А.В., Ярков В.В. Краткий обзор зарубежных систем исполнительного производства// Арбитражный и гражданский процесс. 2004. – № 1. стр. 36.

27. Кузнецов Е.Н. Исполнительное производство Франции. СПб. - 2005. - С. 45.

28. Системы принудительного исполнения зарубежных стран. [Электронный ресурс] // онлайн сервис готовых решений по бухучету, налогообложению и праву – Режим доступа: <https://ilex.by/news/sistemy-prinuditelnogo-ispolneniya-zarubezhnyh-stran/> (дата обращения 13.03.2022).

29. Полномочия суда в исполнительном производстве: функциональная характеристика. [Электронный ресурс] // сайт Оренбургского институт университета имени О.Е. Кутафина – Режим доступа: http://www.oimsla.edu.ru/sites/default/files/monografiyasattarova_1.pdf (дата обращения 13.03.2022).

30. Исполнительное производство в США.[Электронный ресурс] // официальный сайт издательства «Аналитика Родис» – Режим доступа: <http://publishing-vak.ru/file/archive-law-2011-3/8-artemyeva.pdf> (дата обращения 13.03.2022).

31. U.S. Marshals Service Fact Sheets. [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: <http://www.usmarshals.gov> (дата обращения 13.03.2022).

32. Прокурорский надзор: Учебное пособие / под ред. Акпаровой Р.Н.: Астана, 2008. – 208 стр.

33. Григорьев В.Н., Яшин В.Н., Калинин В.Н. Прокурорский надзор. М.: Эксмо, 2006. – 496 стр.во Проспект, 2006. – 536 стр.

34. Суд и правоохранительные органы Республики Казахстан: Учеб. Пособие / под ред. Алиев М.М. – Алматы, 2003. – 336 стр.

35. Винокуров А.Ю. Надзор за исполнением законов судебными приставами: отдельные вопросы теории и практики // Актуальные вопросы организации и деятельности прокуратуры: избранные статьи. – М., 2011. – С. 290.

36. Емельянов С.А. Предупреждение правонарушений средствами прокурорского надзора. – М., 1980. – С. 17; Мелкумов В.Г. Советская прокуратура и проблемы общего надзора. – Душанбе: Ирфон, 1970. – С. 112.

37. Коробейников Б.В. Основные понятия общего надзора // Вопросы теории и практики прокурорского надзора: сб. Ч. 2. – М.: 1975. – Стр. 26.

38. Долежан В.В. Проблемы компетенции прокуратуры: дис. юрид. наук: 12.00.02. – М., 1991. – С. 36.

39. Винокуров А.Ю. О пределах прокурорского надзора и пределах познания о нем // Актуальные вопросы организации и деятельности прокуратуры: избранные статьи. – М., 2012. – С. 174.

40. Бессарабов В.Г. Прокуратура России в системе государственного контроля. – М., 1999. – С. 317–318.

41. Даев В.Г., Маршунов М.Н. Основы теории прокурорского надзора. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1990. – Стр. 63–64.

42. Прокурорский надзор: Учебник / под ред. Винокурова Ю.Е. 6-е изд., 2006. – 460 с.

43. «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығы. [Электронный ресурс]// информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016894> (дата обращения 13.03.2022).

44. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (дата обращение 11.01.2022).

45. 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (дата обращение 11.12.2021).

46. 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VІ Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (дата обращение 13.03.2022).

47. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (дата обращение 09.11.2021).

48. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (дата обращение 13.03.2022).

49. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 123-VІ Қазақстан Республикасының Кедендік реттеу туралы кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет»

– Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000123> (дата обращения 13.03.2022).

50. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы. [Электронный ресурс]// информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444> (дата обращения 13.03.2022).

51. «Төрелік туралы» ҚР 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V ҚРЗ заңы.[Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488> (дата обращения 13.03.2022).

52. Прокурорский надзор: учебник / под ред. Ястребова В.Б. – М.: Городециздат, 2001. – С. 10.

53. Прокурорский надзор: учебник для вузов / под общ.ред. О.С. Капинус. – М.: Юрайт, 2013. – С. 352

54. Прокурорский надзор: учебник / под ред. А.Я. Сухарева. – М.: Норма, 2009. – С. 214.

55. ҚР Бас прокуратурасының ресми youtube каналы. [Электронный ресурс] // официальный канал – Режим доступа: https://youtu.be/Lfx7BsC_MMQ (дата обращения 13.03.2022).

56. Словарь Ожегова. Толковый словарь русского языка. [Электронный ресурс] //Режим доступа: <http://www.ozhegov.com/words/20711.shtml> (дата обращения: 26.12.2021).

57. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқу құралы / под ред. Майтанов Ә.М.: Қарағанды: ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы ҚЗИ, 2010.-111 б.

58. Сведения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. [Электронный ресурс] //

официальный сайт – Режим доступа: [http://www. qamqor.gov.kz](http://www.qamqor.gov.kz) (дата обращение 13.03.2022).

59. Проект «Алименты. 30 шагов против неуплаты». [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39564154&pos=183;-26#pos=183;-26 (дата обращение 13.03.2022).

60. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (дата обращение 11.12.2021).

61. Санкционировать действия судебного исполнителя. [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: <https://zanmedia.kz/3851/sanktsionirovat-dejstviya-sudoispolnitelya/> (дата обращение 13.03.2022).

62. «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 Нормативтік қаулысы. [Электронный ресурс] // информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000001S> (дата обращение 13.03.2022).

63. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О прокуратуре» / Под общей редакцией Мерзадинова Е.С.: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК. – Косшы, 2020. - 396 стр.

64. Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы / Егембердиев Е.:2-басылым. – Астана:Фолиант, 2011. – 160 б.

65. Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы / Аленов М.А., Қосанов Ж.Х., Шукеев Б.Ж.: Астана, 2012.-200 бет

66. Исполнительное производство: учебник / А.В. Закарлюка, И.В. Решетникова, Е.А. Царегородцева ; под ред. И.В. Решетниковой.: Москва : Юстиция, 2017. – 354 стр. – (Бакалавриат и магистратура)

67. Правоохранительные органы Республики Казахстан: Учебное пособие / под ред. Журсимбаева С.К. – Алматы.: NAS, 2007 – 224 стр.

68. Правоохранительная система в Республики Казахстан: учебн. Пособие / под ред. Бакбергенов Н.А.– Астана 2000.–216 стр.

69. Правоохранительные органы зарубежных стран: учебник для студентов вузов, под ред. Ендольцевой А.В., Химичевой О.В., Мирзоева Г.Б. – М.: Юнити-Дана, Закон и право, 2018. – 143 стр.

70. Теоретические проблемы права исполнительного производства: Монография / Тургараев Б. – Алматы.: КазНУ им. Аль-Фараби, 2006. – 350 с..

71. Үдербай С.С. «Атқарушылық іс жүргізу заңдылығында прокурорлық қадағалауды жетілдіру» Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы құқық қорғау органдарының академиясы, «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Нұр-Сұлтан: 2021. - 406-412 бет.

72. А. А. Клишин. Шет елдердің еңбек құқығы. Германия: оқу құралы / Бакалавриат және магистратура үшін оқу құралы/ А. А. Клишин, А. А. Шугаев. — М.: Баспа Юрайт, 2019. — 188 б.

73. ҚР жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының сайты. [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: https://www.zhso.kz/kz/index.php?view=catalog&main_cat=1&cat_id=10#(дата обращения 13.03.2022).

Қосымша - № 2

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының 2022 жылы шығарылған магистранттарының диссертациялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша әзірленген

Қазақстан Республикасының кейбір құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарына

САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Өзгерістер енгізудің негіздеме
1	2	3	4	5
«ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» КОДЕКСІ				
1	669-бап	669-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау Жоқ	669-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау 1-1.Алимент санатындағы сот шешімін орындамаған борышкерлерге он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамауға	Көп жағдайда, азаматтарға қатысты «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 669-бабының 1-бөлігі қолданылғанымен, олар айыппұлмен шектеледі. Атап өткен жөн, миллиондаған қарызы бар борышкер ол айыппұлды

			алып келеді.	төлеуге де ниеті болмайды.
«ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫ				
2	27-баптың 2-тармағы	27-бап. Ұсыну 2. Ұсынуды лауазымды адам немесе орган – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде заңдылықтың онда көрсетілген бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып қарауға тиіс.	27-бап. Ұсыну 2. Ұсынуды лауазымды адам немесе орган – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде заңдылықтың онда көрсетілген бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып қарауға және орындауға міндетті. Прокурор ұсынуды қарау	Зерттеумен прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексеру нәтижесімен жолданған ұсынуларға уәкілетті органдар тарапынан нәтижесіз жауаптар беріледі, оған себеп ретінде ұсынудың орындалу міндеттілігінің болмауы.

		<p>Прокурор ұсынуды қарау кезінде оған қатысуға құқылы. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам прокурорға ұсынуды қараудың уақыты мен орны туралы ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.</p> <p>Ұсынуды қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы прокуратураға ұсыну қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.</p>	<p>кезінде оған қатысуға құқылы. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам прокурорға ұсынуды қараудың уақыты мен орны туралы ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.</p> <p>Ұсынуды қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы прокуратураға ұсыну қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.</p>	
«АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫ				

3	68-баптың 1-тармағы бесінші абзацпен толықтырылсын	68-бап. Борышкердің мүлкін бағалау 1. Сот орындаушысы мүлікке тыйым салынған және борышкерге мүліктің тиесілі екені анықталған кезден бастап он жұмыс күні ішінде: бағалаушыны өз бетінше тағайындау; атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің ұсынысы бойынша бағалаушыны тағайындау; атқарушылық іс жүргізу тараптарының біріне борышкердің мүлкін бағалауды жүргізу туралы тапсырма беруі арқылы бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады.	68-бап. Борышкердің мүлкін бағалау 1. Сот орындаушысы мүлікке тыйым салынған және борышкерге мүліктің тиесілі екені анықталған кезден бастап он жұмыс күні ішінде: бағалаушыны өз бетінше тағайындау; атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің ұсынысы бойынша бағалаушыны тағайындау; атқарушылық іс жүргізу тараптарының біріне борышкердің мүлкін бағалауды жүргізу туралы тапсырма беруі арқылы бағалаушыны тағайындау	Диссертациялық зерттеу жұмысында көрсеткендей статистикалық мәліметтер мен жеке сот орындаушылары тарапынан жиі орын алатын заң бұзушылықтарға байланысты болып табылады.
---	--	--	---	---

		<p>Борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтің ақысын төлеу атқарушылық іс жүргізу тараптарына жүктеледі және кейіннен борышкердің есебінен өтеледі.</p> <p>Жоқ</p>	<p>туралы қаулы шығарады.</p> <p>Борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтің ақысын төлеу атқарушылық іс жүргізу тараптарына жүктеледі және кейіннен борышкердің есебінен өтеледі.</p> <p>Тиісті лицензия болған кезде сот орындаушысы тыйым салынған мүліктің нарықтық құнын дербес бағалауға және айқындауға құқылы.</p>	
4	74-бап 1-1-тармағымен толықтырылсын	74-бап. Тыйым салынған мүлікті өткізу	74-бап. Тыйым салынған мүлікті өткізу	Жеке сот орындаушыларымен тыйым салынған мүлікті сату кезінде азаматтардың құқықтары және олардың
			1-1. Сот орындаушысы сатып алу-сату шартын	

		Жоқ	жасасқанға дейін өндіріп алушы мен борышкерді аукцион қорытындыларымен тиісінше хабардар етуге және таныстыруға міндетті.	бұл әрекеттермен хабардар болуы абзал.
5	144-баптың 1-тармағында 7) тармақшамен толықтырылсын	144 бап. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату және одан айыру 1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату: ... Жоқ	144 бап. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату және одан айыру 1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтату: ... 7) прокурорлардың сот	Тәжірибеде прокуратура органдарымен жүргізілген талдау немесе тексерумен енгізілген қадағалау актісі нәтижесімен сот орындаушылары тек тәртіптік жауаптылыққа тартылумен шектеліп, өздерінің қатаң жауаптылығын сезінбеу салдарынан заң бұзушылықтардың өсуіне әкеп соғады. Оған дәлел ретінде статистикалық көрсеткіштерден алынған

			орындаушысының әрекеттеріне бір жыл ішінде бес реттен артық қадағалау актісі енгізілген жағдайда	мәліметтерден байқауға болады.
--	--	--	---	-----------------------------------